Объективность данной мысли подтверждает высказывание основательницы мирового движения Сахаджа Йоги, доктора философии и медицины госпожи Шри Нирмала Шривастава: «...Наша музыкальная система очень научна, так как она отражает путь Кундалини через «саптасвара», то есть 7 нот, которые встроены в наши 7 чакр» [2].

Эти знания в той или иной мере были присущи людям, начиная с глубокой древности. *Так,* согласно концепции Пифагора, галактика состоит из 7 планет. Каждая планета настроена на свой музыкальный звук, нужно только его услышать [3]. Что имел в виду древний философ: Космос с семью планетами, человека с семью чакрами. или то и другое? Тем более, эллины прекрасно **знали** о «макрокосме» и «микрокосме», а крестец с находящейся в нем энергией Кундалини называли «Hieron Osteon», т.е. «сакральный» [4].

Действительно, древние обладали этим знанием. Оно сохранилось в ряде легенд, предметах духовной и материальной культуры. Так, согласно индийской мифологии, Богиня-Мать сотворила одним музыкальным звуком «Ом». Подобная легенда приведена Айтжаном Есенулы в книге «Кюй – послание Всевышнего»: «Сначала не было ничего. Потом возник только один звук. ***Из этого звука*** родился весь мир» [5, 9]. К сожалению, автор не уточняет, является ли данная легенда казахской или нет.

Далее, согласно индийской литературе, слово «Ом» разделилось на три составляющие: «А», «У» и «М». Звук «А» стал обозначать женскую энергию чистого желания, «У» - мужскую энергию действия, **«М»** - первозданную энергию эволюции, духовного развития. В дальнейшем они стали «проекцией» трех «музыкальных струн» - основных энергетических каналов человека. Это женский, лунный канал (Ида нади), мужской, солнечный (Пингала нади), и центральный канал духовного восхождения (Сушумна нади) (рис. 1). А звук творения «Ом» впоследствии был дан индийской богине Сарасвати. От нее по миру начала распространяться музыка.

Согласно индийской мифологии, Сарасвати всегда изображается играющей на *вине*. В Индии существует несколько разновидностей данного музыкального инструмента. В основном они имеют по семь струн. Только *шрути-вина* является двухструнным щипковым инструментом с небольшим корпусом, длинной шейкой широким грифом.

Подобные древние двухструнные инструменты до сих пор сохранились и активно бытуют у целого ряда народов Евразии. Возьмем, к примеру, казахские народные нструменты *домбру* и *кобыз*. В данной статье речь пойдет о *домбре,* так как её строение и музыка не только близки человеческой природе, но и являются проекцией космологических представлений древних кочевников.

Домбра как модель Вселенной.

Действительно, *домбра* мыслилась моделью человека так же, как человек – микромоделью Вселенной. Ведь даже внешне она чем-то напоминает сидящего по-турецки человека (рис. 2).




Рис. 2. Домбра как микромодель человека

Об этом свидетельствуют и народные «очеловеченные» названия ее деталей. Согласно народным представлениям Западного Казахстана:

1) верхняя часть домбры именуется «бас» (голова);

2) колки, держащие строй получили название «құлактар» (уши);

3) тонкий гриф это «орта» (середина), «мойын» (шея) или «кеуде» (грудь);

4) место соединения грифа с декой именуется «саға» (подножие горы) или «аяқ» (нога) [6, 223].

В отечественной литературе уже имеются сведения, что строение домбры также имеет проекцию энергетических каналов и чакр человека. «Секрет способности пробуждения энергетических центров (чакр – авт.) человека заложен в конструкции этого инструмента. Так, длина домбры подобна длине между первым и седьмым центрами (Муладарой и Сахасрарой – авт.). Верх домбры аналогичен голове человека, гриф позвонку (скорее всего – Сушумне – авт.), а резонатор – человеческому тазу. Две струны домбры соответствуют двум энергетическим каналам, тянущимся вдоль позвоночника (Ида и Пингала авт.). Одна струна крепится выше другой на величину расстояния между шестым и седьмым энергетическими центрами человека (Агнией и Сахасрарой – авт.). Затем эта струна, натянутая вдоль грифа,

внизу резонатора, сворачивается в несколько оборотов (Кундалини - авт.), как бы разделяя оба энергетических канала» [7, 223].

Рассмотрим эти позиции подробнее.

1. Длина домбры примерно равна росту сидящего человека, то есть - расстоянию между муладхарой и сахасрарой.

2. С первой позицией связано традиционное представление, что домбра - это не только модель человека, но и модель Мирового Древа. И дело тут не только в том, что корпус и гриф инструмента деревянные. Ведь, согласно йогическим знаниям, и сам человек является перевёрнутой проекцией Мирового древа, где головной мозг и волосы подобны корням, спинной мозг - стволу, а нервы - ветвям и листьям (Рис. 3).




Рис. 3. Проекция Мирового Древа у человека (в середине) и домбры (справа)

Ведь не случайно все дела и помыслы человека зарождаются в корнях, а именно - в мозгу. Подобно этому, сам акт исполнения, зарождения домбрового кюя в традиции Западного Казахстана берет свое начало с «бас буына» (вершины) - с верхней части грифа, получившей название «бас перне» (рис. 4). Бас буын также является основным звеном кюя, куда исполнитель неоднократно возвращается [6, 223].



Рис. 4. Верхняя часть грифа – бас перне. На этом рисунке также видны «проекции» чакр на головке и грифе инструмента

Интересно, что становление формы в кюях как бы воссоздаёт игру космического акта Первотворения, т.е. рождения Гармонии из первоначального Хаоса. Так, на уровне «бас буын» основная «тема» кюя еще не откристаллизовывается, она только «рождается», трансформируется из отдельных мотивов и микромотивов. И только дойдя до середины грифа, музыка кюя становится более индивидуализированной.

Термин «бас» непосредственно связан и со сбалансированной настройкой инструмента, т.е. с качеством исполняемой музыки. И ответственность за это качество несут колки - «уши» инструмента. Данное понятие универсальное, о чем говорится в следующей легенде. Согласно ей, именно музыка помогла Будде достичь просветления. Однажды он сидел в медитации на берегу реки. В это время мимо него проплывала лодка с музыкантом, наставляющим своих учеников следующими словами: «Чтобы добиться хорошего исполнения, не следует струны инструмента натягивать слишком сильно или делать их крайне слабыми». И Будда понял, для духовного просветления человека важны не крайности (излишняя роскошь или аскеза), а серединный путь, начало которого - баланс, гармония с самим собой и окружающим миром.

Значение слова «бас», как корней, дающих рост всему, вполне символично. Ведь, согласно индийской философии, голова человека является проекцией всех его чакр (рис. 5).



Рис. 5. Проекции чакр на голове человека

3. Уже говорилось, что домбра как «микрокосм», модель человека «сфокусировала» в себе все его основные каналы и чакры. Рассмотрим подробнее структуру инструмента. В самом низу домбры находится небольшой выступ. Он подобен первой чакре человека Муладхаре (слово «муладхара» означает – опора, корень, поддержка). В тонкой системе данный центр является средоточием чистоты, невинности, устойчивости, опоры. Примерно такие же функции выполняет нижний выступ у музыкального инструмента, который в вертикальной постановке придаёт устойчивость, опору во время игры. Также он служит началом двух струн: верхняя часть этого выступа служит *их* креплением. В данном месте имеется выемка, на которую струны накручиваются в три **с** небольшим витка (Рис. 6).



Рис. 6. Нижний выступ – подставка домбры

Число витков соответствует числу оборотов Кундалини. И пробуждение этой энергии, как же говорилось, способствует пробуждению у человека вибраций Святого Духа (Рух). В этом плане символично, что именно здесь берут своё начало струны инструмента, при помощи которых рождается музыка.

На уровне Свадистана (Свадхистана) находится движок-подставка домбры (Рис. 6, 7). Здесь надо отметить, что Свадистан это единственная подвижная чакра, которая вращается вокруг третьего центра. В тонкой системе человека Свадистан выполняет функции творческого начала и чистых знаний. Подобно подвижности данной чакры, подставка домбры является подвижной деталью инструмента. Регулируя её, свободно перемещая по корпусу, музыкант придаёт более «чистую» настройку струнам, а, следовательно – более высокое качество исполняемой музыке.

Расположение резонирующего отверстия соответствует месту третьей чакры – Набхи (Манипуры) (Рис. 7). У человека она является центром удовлетворенности, мира, гармонии,

баланса. И совершенно понятно, без хорошего резонанса не может быть гармоничной сбалансированной музыки.




Рис. 7. Движок-подставка и резонатор домбры как проекции второй и третьей чакр

Роль корпуса-резонатора соответствует роли Войда (Бхавасагары) в тонкой системе человека. Ведь Войдом является пустота, «океан иллюзий», она заполняется только при помощи духовного наставника. Разбудив энергию Кундалини, учитель помогает ей подняться, наполняя пустоту духовным светом. Тем самым он, как искусный музыкант, приводит струны человеческой души в движение, помогая им резонировать в соответствии с законами мироздания. Точно также струны инструмента во время игры наполняют корпус музыкальными вибрациями.

Интересно, что задняя сторона корпуса некоторых домбр состоит из семи вертикальных деревянных сегментов-брусков. Скорее всего, современные мастера, изготавливающие инструменты, ничего не знают о семи чакрах. Просто число «семь» у многих народов, в т.ч. и казахов, является священным. Из этих брусков выделяется центральный сегмент аркасы (спинка), который является четвертым по горизонтали, как с начала, так и с конца (рис. 8).




Рис. 8. Задняя сторона корпуса домбры

Его центральное расположение подобно местоположению центральной – сердечной – чакры (Анахаты). По вертикали она также является четвертой как снизу, так и сверху. В тонкой системе Анахата - это средоточие Духа, и через её открытие человек начинает себя осознавать духовным существом. К ее основными качествам относятся: доброта, сострадание, бесстрашие и защищённость.

Проекция сердечного центра на домбре расположена примерно на середине грифа – на уровне «Косем» («Вождь») перне – «Основного», «несущего» ладка. Наше предположение

объясняет характер исполняемой музыки. Так, в восточном Казахстане получили распространение кюи «Қосбасар». Их происхождение связано с народной легендой об отце, теряющем единственного сына или сыновей. Убитый горем, он утрачивает желание жить. Тщетны усилия родственников, стремящихся успокоить скорбящего отца-все напрасно. Итолько музыкант, исполняя 62 кюя «Косбасар», возвращает несчастного к жизни. Музыка этих кюев делится на более «печальную» и «светлую». Центральное звено «грустных» вариантов «Косбасаров» находится примерно на уровне Анахаты чакры. Их цель, по-видимому, сострадание, соболезнование, лечение сердечной раны, возвращение человеку чувства защищённости. «Тема» более светлых «Косбасаров» на грифе находится выше и связана с областью пятого центра – Вишуди (Вишуддхи).

На наш взгляд, это не случайно. Во-первых, в казахской музыке сохранились кюи на подобный сюжет не только для домбры, но и для сыбызгы (род казахской продольной флейты). А, согласно индийской философии, духовые музыкальные инструменты наиболее близки Вишуди. Во-вторых, их исполнение является инструментальной проекцией казахского обряда «коніл-айту», «жұбату» (утешение, соболезнование). В частности, главное назначение жанра коніл-айту подразумевает исцеление душевной боли, страданий человека через слово и музыку. Этим искусством в традиционном обществе должны были владеть все его члены. Но наибольшим мастерством обладали деятели традиционной культуры – музыканты, сказители, певцы и т.д. Ведь они являлись не просто деятелями искусства в современном понимании этого слова, а, прежде всего, глубочайшими знатоками обрядов, целителями человеческих душ, духовными авторитетами, умеющими разрешать самые сложные жизненные проблемы, советниками в государственных вопросах, высоко-духовными людьми.

4. Теперь подробнее о двух струнах как проекции левого (женского) и правого (мужского) каналов человека. Согласно йогической практике, гармоничная работа Иды и Пингалы приводит к балансу двух полярных энергий: чистого желания, чувственности (Ида Нади - женское начало) и разума, активного действия (Пингала Нади - мужское начало).

В степи издавна знали, что только союз мужского и женского начал рождают гармонию. Так, у киргизов имеется кю для комуза «Ақ тамақ - көк тамақ» («Белое горло - сизое горло»), воплощающий игру девушки и джигита. Однако, судя по названию, музыка кюя имеет более древний подтекст. Согласно древним астрономическим представлениям, вокруг Полярной звезды **(темір** қазық), являющейся стержнем Вселенной, ходят белый и сизый кони. Эти два цвета (көк-ақ), символизирующие соединение мужского и женского, положили начало космическому акту Первотворения.

Вероятно, с данным представлением связаны наиболее древние версии о появлении восточноказахстанских кюев «Қосбасар». В легендах о Таттимбете (кюйши XIX в.) рассказывается, что один «Қосбасар» кюйши сочинил на пути к невесте. Причём, он вёл на поводу вторую лошадь для неё. Другой кюй посвящён девушке, с которой Таттимбет не смог увидеться. Третий сочинён у озера. Сидя на берегу, кюйши заметил на противоположной стороне двух танцующих птиц – улар.

Как мы видим, эти легенды объединяет одна идея - сохранение заданного миропорядка возможно только при единстве мужского и женского начал.

Заключение

Итак, в статье мы рассмотрели связь духовной составляющей человека с музыкальными инструментами и музыкой, исполняемой на них. Невольно задаешься вопросом: как к кочевникам пришли знания, присущие, казалось бы, далекой индийской культуре? Быть может, причиной тому явились арийские племена, жившие в степи около трех тысяч лет назад, а затем перебравшиеся на территорию современной Индии?

Скорее всего, знания о себе и окружающем мире, присущие древнему человеку, являлись универсальными. Доказательством тому служит одна из самых ранних религий Степи – тенгрианство. Её отличие от остальных монотеистических верований заключается в

поклонении Богине-Матери (Умай/ЫІмай), создавшей всё живое, «одухотворенному» отношению к «живой» природе, культуре человеческого общения и т.д.

«Отголоски» этих верований дошли до нас и связаны с представлениями о мире, человеке и его месте в этом мире. Отсюда – такое бережное отношение к своей культуре и человеку как её носителю.

Список литературы

1. Поройков С.Ю. Космос Платона как модель Вселенной. // Научный журнал «Метафизика» (рецензируется ВАК), №2 (8), 2013. С. 137-151. ISSN 2224-7580. Доступно по адресу: http://lib.rudn.ru/35
2. Шривастава Н. Метасовременная эпоха. Доступно по адресу: https://vk.com/wall-76713521_2594
3. Рожкина Н.Р., Рымарчук А.А., Ланденок А.В. Космическая музыка в концепциях Пифагора. // Журнал «Актуальные проблемы авиации и космонавтики». Социально-экономические и гуманитарные науки. Красноярск, 2010 – С. 408-409. Доступно по адресу: https://cyberleninka.ru/article/n/kosmicheskaya-muzyka-v-kontseptsiyah-pifagora/viewer
4. Sacrum. Доступно по адресу: http://www.вокабула.рф/словари/mwcd/sacrum
5. Есенұлы Айтжан. Кюй – послание Всевышнего. – Алматы: Көкіл, 1997. – 196 с.
6. Аманов Б. Композиционная терминология домбровых кюев. // Аманов Б.Ж., Мухамбетова А.И. Казахская традиционная музыка и XX век. Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – С. 217-228.
7. Желтоксан Ж. (Едихан Шаймерденұлы Сәбит). Ж 52 Ақ Сарбаз.//Желтоқсан Ж. - Алматы: Көкіл, 2016.– 440 с.: илл.

Түйін

Мақалада Еуразияның ежелгі көшпелі тайпалары әлем, ғалам және ондағы адамның орны туралы әмбебап білімге ие болған гипотеза туралы айтылады. Осындай түсінік ежелден бірқатар халықтар арасында сақталған. Жұмыс барысында көшпелілердің космологиялық түсініктерін басқа ежелгі космологиялармен – пифагорлық, үнді және буддалық салыстыру келтірілген. Алайда, отырықшы өркениеттерге қарағанда, көшпенділердің космологиясы көбінесе дәстүрлі мәдениет емес мифологиялық- ескерткіштерде, поэзия, музыка және т. б. көрсетілген. Мысал ретінде авторлар құрылымы әлемнің микромоделі болып табылатын қазақ домбырасын және домбыра музыкасының философиялық аспектісін зерттейді.

Abstract

The article reveals the hypothesis that the ancient nomadic tribes of Eurasia had a universal knowledge of the world, the universe and the place of man in it. Such ideas have been preserved by a number of peoples since ancient times. The paper compares the cosmological representations of nomads with other ancient cosmologies – Pythagorean, Hindu and Buddhist. However, unlike sedentary civilizations, the cosmology of nomads is mostly recorded in monuments of non-material culture – mythology, poetry, music, etc. As an example, the authors study the Kazakh dombra, whose construction is a micromodel of the Universe. This is evidenced by the traditional names of its parts and their connection with the images of the World mountain and the World tree. The very philosophical aspect of Kazakh dombra music in a collapsed form also carries echoes of cosmogonic ideas.

ӘӨЖ 785.1

Б.А. Джукеева, С.А. Құрманбаев, Б.Б. Шикиртаев
аға оқытушы, магистр, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан
аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан
аға оқытушы, магистр, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

ҰЛЫ АБАЙДЫҢ БИЛІГІ

Түйін

Мақалада ұлы ақын Абайдың сұрақтары қарастырылған. Ол «Карамола» немесе «Доптың ережесі» деп жазған кезде, «Қара қылды ағаш сияқты» әдісі оның тапқыр және күтпеген шешімдерінің, көркемдік және көркем сөздерінің арқасында адамдардың жүрегіне енгені анық. Соған қарамастан, заңгерлер, әсіресе 19 ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Абай ережесін іс жүргізу құқығының айқын мысалы ретінде қарастырады. Ерте жастан бастап сөздің фактілері мен идеяларын жетік меңгерген Абай бала кезінде тіл мен тілге сүйенген көптеген адамдарды жеңді. Дереккөзге сүйенсек, ұлы ақын «Карамола» немесе «Шар» жазған «Ереже» Абайдың ұсынысымен 1885 жылы мамырда Семей облысының Карамолында кең таралған. осы Съезде қабылданды және бекітілді. Абайдың пікірінше, заң - бұл әділеттілікке, бейбітшілік пен тыныштыққа жеткізетін нормалар мен ережелер жиынтығы. «Ережелер» осы қағидаларды қатаң сақтайды. Ол 73-баптан тұрады. Сондай-ақ, Абай кезектен тыс құрылтайда Абай Құнанбаевтың «Төбе биік» төрағасы болып сайланғаны туралы ақпарат бар. Тарихқа сүйенсек, Абай көптің құрметіне ие болып, билікке келген кезде, Абай әділеттіліктен артық іс істемеген, кедейлерді қорламаған, шындықты тексеріп, шындықты айтуға тырысқан сияқты.

Кілттік сөздер: ұлы ақын**,** тәрбие, ұлт тағлымы, ұлттық эстетика, ұлттық мінез, ой, дүние, халық, салт, дәстүр, заманауи театр, жастар.

Кіріспе

Ұлы ақын Абай бабамыз «Қарамола»,яки «Шар ережесін» жазғанға дейін де «Қара қылды қақ жарған» әділ билігі көпшіліктің көңіліне берік ұялаған, тапқыр да тосын шешімдері, бейнелі де көркем тіркестері арқылы жұртшылықтың жүрегіне жол тауып, ауызға ілінгені аян. Олай дейтініміз заңгер-ғалымдар, әсіресе XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Абай биліктерін прецеденттік сипаттағы сот шешімдерінің жарқын үлгілері деп бағалайды. Ойдың дәйегін, сөздің мәйегін жасынан жете меңгеріп, санасына құйып өскен Абай бала кезінің өзінде-ақ тіл мен жағына сүйенгендердің талайын сөзден сүріндіріп, мерейі үстем болды. Дерекке сүйенсек, ұлы ақын жазған «Қарамола» немесе «Шар» деген атауды иеленіп жүрген «Ереже» 1885жылғы мамыр айында Абайдың ұсынысымен Семей өңіріндегі Қарамола дейтін жерде бес дуан елінің билері мен құрметті бетке ұстар азаматтары шақырылған сьезінде тасқа басылған күйінде кеңінен таратылып, үлестіріліп берілген және осы сьезде қабылданып бекітілген. Абайдың түйіндеуінше заң – әділдікке жеткізетін, бейбітшілік пен тыныштықты сақтайтын тәртіптер мен нормалар жиындығы. «Ережеде» осы қағидалар берік ұстанылған. Ол 73-баптан тұрады. Осы төтенше сьезде Абай Құнанбаевты төраға- «Төбе билікке» сайлағаны туралы да дерек бар.

Теориялық талдау

Ел аузында қалған там-тұмдаған деректерге қарағанда көптің құрметіне бөленіп, билікке араласқан тұстада Абай әділдіктен аспай, кедей-кепшіктің мысын баспай, істің ақ-

қарасын тексеріп, ақиқатын айтуға тырысқан көрінеді. Тіпті өзін Оразбайдың озбырлары сабап кеткенде де кегін қайтарғысы келген маңайындағыларға, «Жаман қауымның жақсысы болғанша, жақсы қауымның жаманы бол десе не дер едіңіз? Жамандықты жолым деп кеткен Оразбайға айтқан сөз суға жазғанмен тең. Мені бір итқапты ғой. Қапқан иттен өш аламын десем, мен де ит боламын ғой»-деп өзінің текті азамат екендігін аңғарта білді.Әділетсіздік жанын жегідей жеген Абай 1900 жылы Ресейдің үкіметтік мекемесі Сенатқа хат жазуға мәжбүр болады. Тарихи құжаттарда «Сенатқа хат» деген атпен аталып жүрген аталмыш хаттан Абайдың орыс тіліне сауаттылығымен қатар, сол замандағы әлеуметтік тәртіп, әкімшілік пен заң негіздерінен де мол хабардар, өрелі ойлар өрбітетін ойшыл да білікті адам екендігі танылады.Сонымен бірге ақынның дүниетанымын, әлеуметтік, саяси, философиялық, адамгершілік көзқарастары мен ұстанымдарын да осы хаттан анық аңғаруға болады.

Тәжірибелік бөлім

Сенатқа хат жазуына мәжбүр еткен оқиға 1825жылы жазға салым дүниеге келген «Қазақ заңдарының жинағы» және оған қатысты «Омбы Уақытша Комитетінің Ережелері» бойынша да іс көтеруді, кіналыларға айып салып жазалауды талап етер еді. Өйткені аталмыш Ереженің «Сот және соттар туралы» деген II бөліьінде билер және билер соты туралы бірнеше арнайы баптар енгізілген. Мысалы, осы Ереженің 23 –бабында: «Кімде-кім билердің алдында біреуді өлімше қылып сабаса немесе өлтіріп алса, толық құн төлейді, ал бидің арына нұқсан келтіргені үшін түйе бастаған Тоғыз төлейді» -деп жазылған.Абай қатысқан би кеңестердің билік жүргізу тәжірибесі, қабылданатын әділ де тосын шешімдер әділдікке жүгіну,қайырымдылықты басты нысында ұстау жөніндегі өнеге, үлгісімен жұрт аузында жырдай жатталып қалады екен. Оған Абайдың басқаруымен өткен мына бір билер кеңесі де мысал бола алса керек. «Бес болыс тобықтының белді, басшы адамдары Абай алдында айтулы бір дауды шешкен отырыста Бекеш те бар екен. Абайдың ұйғарымымен, дау Бикештің сөзіне тоқтайды. Бикеш кеткен соң біліктілер мен ел жуандары отырып: -Абай, сенің бізге істемегенің қалмады. Бес болыс Тобықтыны бір болыс Керейге билеттің. Осының жөн бе? – десіп наразылық білдіреді. Сонда Абай: - Сендердің сөзің Бикештікіндей негізді, шешімді боп, жүйесін тауып тұрса, мен Бикештің сөзін алып неғылайын. Сен бесеуің Бикеш болам десеңдер осы қазір атқа қоныңдар да, анау Керей жақтағы жонның үстіне шығып, бесеуің маған бес уыс жел ұстап әкеліңдер, - дейді сынай қарап. - Абай-ау, жел ұстатушы ма еді? Мұның не қыр,не сырмен айтып отырсың? – десіп даурыққандарға, Абай:

Нәтижелер мен талқылау

Ендеше Бикеш сол есіп тұрған қызыл жел емес пе?! Жел ұстата ма? Сендер Бикеш бола алмайсыңдар,- деп сөз түйіпті». Біздің негізгі әңгіметіміздің өзегіне айналған1885 жылғы мамыр айында Шар бойында болған Абай Құнанбаев қатысқан Қарамола «Ережесі» осының дәлелі. Осы «Ереженің»54 –бабында былай делінген: «Біреудің жерін жеген дауларды билер сол жер пәленшенікі деген елубасылардың куәлігіне қарап тексереді. Тексерген уақытта жерді билер өздері көреді, яки сенімді кісінің куәлігі бойынша жеген жерінің сомасына қарай билік айтады. Шығынын қайтарып үстіне Һәм айып салады.»Абайды «Қарамола», яки «Семей қазақтары үшін қылмысты істерге қарсы заң ережелерінде» қазақ қауымының «Жарғылары» мен «Ережелерінде» бұрын-соңды болмаған тәртіптік жазалар енгізілген. Мәселең, сөз етіп отырған «абақтыға отырғызу», «дүре соғу» немесе «теңгедей айып салу» сияқты тәртіптік жазалар атап көрсетілген. Мұны патшалы Ресей әкімшілігінің өз үстемдігін қазақ, даласына барынша тереңдей енгізіп, өз әмірін пәрменді жүргізе бастағандығының айқын көрінісі десе де болады. « Дүре соғу», өзге де жазалау шаралары дала ережелерінде бұрыннан бар. Дәлірек айтқанда 1470 жылдары жазылған Әз Жәнібектің жеті атаға қатысты Жарлығында көрініс тапқан.«Абақтыға отырғызу»жазасының да тегі дала ережелерінде қарастырылған «зынданға отырғызудан» тамыр тартады. Ал «теңгедей айып салу» Орта ғасырда қолданылған Шынғысханның «Билік» және «Жасақ» заңында қарастырылған.

Мысалы моңғолдық ғалым Эренжен Харадаванның «Чингизхан как полководец и его наследие» аталатын еңбегінде келтірілген «Жасақ» заңының 28-бабында қылмысты болып өлтірілген мұсылманға құн үшін 46 тиын (бәліш), ал қытай үшін бір есекпен есеп айырысатыны атап көрсетіледі.Қалай дегенде де Абайдың бұрынғы-соңғы дала ережелерінің қай-қайсысын да жетік білгені, Ресейдің де заңдарымен таныс болғаны аңғарылады.Өйткені 1886 жылы жарық көрген «Қырғыздардың (қазақтың) заң жөніндегі әдет-ғұрыптарын үйренуге арналған материалдар» жинағының жалпы редакциясын дәл осы Петр Емельянович Маковецский басқарған екен. Қалай дегенде де Қарамола «Ережесінің» Ресей заңдарын негізге ала отырып, ұлттық үрдіс тұрғысынан сауатты жазылуына заңгер қауымының өзі де қазір де айрықша сүйсініп,таңданыспен бас шайқайды.«Ережеде» ұлттық ғұрыпқа тән баптар молынан кездеседі. Мысалы:37-бапта: «...Немере, яки жиен болса, нағашысынан, ата, ағасынан мал алып қашса, оған жаза жоқ. Және алып қашқан малы қайтарылмайды; екінші мәрте алып қашса, би арқылы нағашысы, ата, ағасының сұрауы бойынша жаза беріледі. Бұл үкім әйел жағынан жиенге және немереге тиісті» деп жазылған. Мұнымен қоса 40-бапта: «Қазақ рәсімі бойынша анық неке молда алдында қиылған дұрыс болады. Квитанциия әйелі күйеуіне тиісті екендігіне куәлікке жарамайды»-деп атап көрсетілген. «Ережеде» лауазым дәрежесіне сай жер-жерде ел тізгінін ұстап, әкімшілік билік жүргізуші пристав, старшын, би, молдалардың құзыры мен құқы нақты айтылады. Сол сияқты ел ішінде кеңінен тараған ұрлық, барымта, құн дауы, қалыңмал, құдалық, қалыңдық даулары, жер дауы, жесір дауы, әменгерлік, жиендік жоралғылары тәрізді адамдар мен қауым тірлігіне қатысты басқа да қыруар жайлар туралы ұйғарым, кесімдер қамтылады. Би, болыстан бастап, серіктес, туыстас әрбір адамның әділет жолы, қоғам алдындағы жауапкершілігі, парызы жайлы тұжырымдар да бірнеше бапта анық көрсетілген. Суға кетіп бара жатқандарға, өрт уақытында, боран мен суықта қалғандарға жәрдем көрсетпегендерге, сондай-ақ көпір, арық бұзғандарға, мал өліміне қарсы жасалған шаралар кезінде қолғабыс етпегендерге айып белгілеу жөніндегі 35 және 36 –баптардағы тұжырымдамалар –адамдарды қоғамшылдыққа, апатқа душар болғандарға алыс-жақын демей қол ұшын беруге, көмектесуге шақырады. Алайда тікелей Абайдың қатысуымен жасалған аталмыш «Ереженің» әйел құқығына, махаббат бостандығына арналған бұрын соңды болмаған бірқатар баптар енгізілген, оларда аздап болса да жаңалық, жақсылық нышандары байқалады. Атап айтқанда, «Ереженің» 35-бабы бойынша болашақ күйеуін сүймейтін қыздарға, не ерін сүймей қашып кеткен әйелдерге сүйген кісісіне қосылуға рұқсат етілген.

Қорытынды

Қорыта келгенде күйеу қалыңдықтан 25 жас үлен болса немесе боукеспе ұры немесе мұрагерлік құқығынан айырыған адам болса, қалыңдық оған тұрмысқа шығудан бас тартуға ерікті. Бұл жағдай айырыуға да негіз бола алады. Ал 46 және 47 баптарда әйелдердің махаббат бостандығы, бас еркіндігі жайында бұдан да батыл, айқын қағидалар айтылады. Мәселен 46-бапта: «Егер қалыңдығы өліп қалып, балдызы жездесіне бармаймын десе, алған қалыңмалын қыз әкесі күйеуіне қайтарады» делінген. Сондай-ақ, байы өлген жесір қатын 47-бап сүйсе байының бір туысына бауырына, яки ағайынына тиеді, егерде сүймесе ықтияры өзінде. «Ережеде» әйелдердің жеке басы мен мүлкіне байланысты құқы күшейтіле түскен. Атап айтқанда 55-баптағы күйеуі өлген әйелдің қолындағы қыз бала анасына тиесілі дейтін қағида да, 30-баптағы балиғатқа толмаған қызды, күйеудегі әйелді зорлағаны үшін айыпқа тарту жөніндегі ұйғарым да әйел құқығын нығайта түсуді көздейді. Абайдың басшылығымен жасалған бұл заң ережесі қай жағынан болса да, бұрынғы қолданып келінген заң-жарғылардан әлдеқайда демократтық бағытымен көзге түсті. «Қазақ ортасында кең тараған өтірік арыз жазушы жалақорлар осы «Ереженің» 54-бабына сәйкес 28 күнге дейін абақтыға қамалатын болды. Жалпы алғанда Абайдың аталмыш «Ережесі» ақиқаттың ақ жолын ұстатып отырып, әділеттілікке талпынудың, қылмыстық істерге қарсы күресті ширата түсудің негізін қалады десек артық айтқандық емес. » Күрсінісі көп, күңіренуі одан да басым қоғамда ақиқат пен шындықты шырақ етіп, «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым...» деп

көкірегі қарс айырылған Абай бабамыздың аңсаған ақ арманы бүгінгі Тәуелсіз елімізде жүзеге асып жатса нұр үстіне нұр,болар еді.

Әдебиеттер тізімі

1. Абай Құнанбаев Қарамола «Ережесі» Қазан университеті баспаханасы, 1886, 265 б.
2. Мырзатай Жолдасбеков «Абыз» «Егемен Қазақстан» апталық қосымшасы, 2007, 98 б.
3. Өтепберген Ақыпбекұлы «Абай – қазақтың төбе биі». Алматы: «Парасат» , 2007, 170 б.
4. Мұқтар Әуезов Абай жолы: Роман- эпопея. IV кітап. Алматы, Ғылым, 1956, 597 с.
5. Абай. Энциклопедия. Алматы. “Қазақ энциклопедиясының бас редакциясы”. “Алматы: Атамұра” баспасы, 1995, 326 б.
6. История Казахстана. В 5 томах. Т.3. Алматы; Атамұра, 2010, 768 с.
7. Казахстан. Национальная энциклопедия. Т.1. гл.ред. Б.Аяган. Аламаты: Қазақ энциклопедиясы, 2004,560 с.

Аннотация

В статье рассматриваются вопросы о великом поэте Абае. Как он написал «Карамолу» или «Правило бала», ясно, что справедливая сила «Кара кылды как жарган» проникла в сердца людей благодаря его гениальным и неожиданным решениям, образным и художественным фразам. Тем не менее, юристы, особенно в конце 19 и начале 20 веков, считают правление Абая ярким примером прецедентного права. Овладев фактами и идеями слова с раннего возраста, Абай, еще будучи ребенком, преодолел множество людей, которые полагались на язык и язык. Согласно источнику, «Правило», написанное великим поэтом «Карамола» или «Шар», было широко распространено в мае 1885 года по предложению Абая в Карамоле Семипалатинской области. принят и утвержден на этом Конгрессе. По словам Абая, закон представляет собой свод норм и правил, которые приносят справедливость, мир и спокойствие. «Правила» строго придерживаются этих принципов. Он состоит из статьи 73. Также есть информация, что Абай Кунанбаев был избран председателем "Тобе Билик" на этом внеочередном съезде. По слухам, когда Абай завоевал уважение многих и пришел к власти, кажется, что Абай не делал больше, чем справедливость, не оскорблял бедных, пытался проверить правду и сказать правду.

Abstract

Even before the great poet Abai wrote "Karamola" or "Rule of the Ball", it is clear that the just power of "Kara kyldy kak zhargan" found its way into the hearts of the people through his ingenious and unexpected decisions, figurative and artistic phrases. That is to say, jurists and scholars, especially Abay's authorities in the late 19th and early 20th centuries, consider him to be a shining example of case law. Having mastered the facts and ideas of the word from an early age, Abai, even as a child, overcame many people who relied on language and language. According to the source, the "Rule", written by the great poet "Karamola" or "Shar", was widely distributed in May 1885 at the suggestion of Abai in Karamola, Semipalatinsk region. adopted and approved at this Congress. According to Abai, the law is a set of rules and regulations that bring justice, peace and tranquility. The "Rules" strictly adhere to these principles. It consists of Article 73. There is also information that Abay Kunanbayev was elected chairman of "Tobe Bilik" at this extraordinary congress. According to rumors, when Abai was gaining the respect of many and came to power, it seems that Abai did not do more than justice, did not insult the poor, tried to check the truth and tell the truth.

ӘОЖ 392.12 (574)

Е.А. Жолдасов, Б.А. Джукеева, Ш.А. Абдухалилова
аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан
аға оқытушы, магистр, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан
оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

М. ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ДРАМАТУРГИЯЛЫҚ ШЕШІМДЕРІ МЕН ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Түйін

Мақала барысында қазақ ұлтының талантты, бірғасырлы драматургы, жазушы М.О.Әуезовтың әдеби шығармаларының рухани дүниелік танымдылығы мен өскелең ұрпаққа ұсынатын тәрбиелік маңызы жайында мағлұмат берілді. Әрбір шығармасы драмаға толы, оның ішінде өмірдің барлық соқпағының талан тұстарын бейнелей алатын, адамның әрбір қоғамдағы дүниетанымына еіселей сіңісіп кететін, тек жастарға ғана емес, сондай-ақ үлкендерге де тәрбиелік мәнді ой тастай алатын салмақты дүниелер болып саналады. Оның шығармаларында ең бірінші тәлім-тәрбиелілік пен рухани мәдениеттің түп тамыры негізделген. Осы мәселелер жөнінде мақала ішінде кеңінен айтылатын болады. Бүгінгі таңда қазақтың көптеген драмалық шығармаларының мұра болып жетуі болашақ ұлт үшін өте маңызды, әрі актуалды мәселелердің бірегейі болып отырғаны қаралады. Заманауи өмірдегі жастарды тәрбиелеу мәселесінде Әуезов шығармашылығының алатын ролі орасан зор және ерекше.

Кілттік сөздер: ұрпақ тәрбиесі, ұлт тағлымы, ұлттық эстетика, ұлттық мінез, ой, дүние, халық, салт, дәстүр, заманауи театр, жастар.

Кіріспе

М.Әуезов біздің тарихы терең әдебиетімізге зор үлес қосқан біртуар адам. Ол әдебиеттің бірнеше саласында еңбек еткен. Оның жазылған әңгімелерінде драмалық шығармаларында қоғам ішіндегі жолсыздықтар,әділетсіздіктер сыналады. Жазушының шығармалары бүгінгі таңда қазақ классикасының төрінен ойып алар орны бар баға жетпес рухани да, материалды байлыққа айналып отырғаны анық.

М.Әуезов 20-шы жылдарда өмірдің күрделі мәселелерін көтеріп, көптеген шығармалар жазды. Ол өмірді өзінше көріп,өз өрнектерімен бейнелейтін дарынды суреткер екенін танытты.Жазушының шығармалары жас әдебиетімізге мол да, бағалы үлес болып қосылды.

Әдетте біз – қазақ әдебиетіндегі проза және драматургия жанрын Октябрь революциясымен бір туған, революция берген олжаңыз деп айтамыз. Әдебиетіміздің жанрлық жағынан толығуы жалпы мәдени революциямыздың ұлы фактілерінің бірі екені даусыз. Мұхтар осымен бірге өзгеден, яғни сырттан не аларымызды да ұмытқан жоқ. «Өзге елден алсақ, сыртқы үлгіні ғана аламыз. Өз өнерімізді қалыптауға себап болатын көпке бірдей заңын, өлшеуін ғана аламыз...Өнердің іргесін қалайтын елдің өзі. Содан кейін мықты дүкен, сұлу күмбезді жасайтын сол ел тірегіне иығын сүйеген өнершілер» дегенді ді айқын ескертті.

Теориялық талдау

Қазақ тілінде ертеде «Драма», «Театр» деген сөздер болған жоқ. Бірақ, ұлт поэзиясының бай түрлері, оның көпшілік ойын-сауығы үшін репертуарға айналған ғажайып үлгілері, көшпелі жұрттың өзінің ұлттық салтына, өмір өзгешелігіне лайық дәстүрлі театры болғанын дәлелдейді. Мұхтардың дүниелері тап біздің қазақ сахнасының қалыптасуына, оның аяққа нық тұруына, һәм сахна өнеріміздің қарыштап дамуына орасан зор еңбек сіңірді десек қате айтқанымыз емес. Оның сонау кеззі жазылған «Еңлік-Кебегі», «Қараш-қарашы», «Қорғансыздың күні» және тағы сондай классикалық салмағы ауыр дүниелері бүгінде ел тарихының маңызы мен байлығын көрсетсе, қазіргі күнгі жастардың алдында өнегеге толы,

қилы драматургиялық байлықтарға айналып отырғаны анық.

Жазушы өз шығармаларының драматургиялық құрылымына аса наза аудара білген Мысалыға, оның шығармаларында жиі қолданылатын «Жар-Жар» өнерін алып қарасақ. «Жар-жар» әуелден қазақ отбасындағы маңызды бөлік болып есептелінетін салт дәстүрден қомағайланғанын ескерер болсақ, тәрбиелік мәні де зор болып тұр. Ол шығармада «Жар-жар» әнін, сыңсу әндерін тек жай абзацпен ғана емес, ерекше сюжеттік құрылымы бар, композициялық байламы нақтыланған драматургиялық көріністер арқылы жеткізеді. Яғни, оның әндерін, өлеңдерін көрермен тек тыңдап қана қоймайды, сондай-ақ тамашалайды. Сахнада тамашалайды. Көркемдік формада қарайды. Тамсанада, зерттенеді, әсер алады. Осының бәрі Мұхтар драматургиясының шешімдерінің әсерлілігінің сан қиын көрсете білген.

Тәжірибелік бөлім

Жазушы көбінесе-ақ халқымыздың барлық рухани қажетін өтеуге жарайтын драмалық, трагедиялық және комедиялық материалдардың мол екенін баяндайды және сол материалдар халық поэзиясының өз бойынан түгел табылып жатқанын дәлелдейді.

М.Әуезов қазақ драматургиясы мен театр өнерінің мүмкіндіктері мен болашақтары туралы теориялық әңгімелер айтып қана қойған жоқ. Ол ең алдыменөзі айтқан поэзиялық бай материалдарды драма жазушы ретінде өзі пайдаланды және қалай пайдаланудың аса қызықты үлгілерін көрсетті. Біз бұл мәселелерге кеңірек арнап тоқталатын болғандықтан, әзірше осымен доғара тұрамыз да, халық әдебиетіндегі драмалық элементтердің биік поэзия дәрежесіне қаншалықты көтерілгенін, қандай құн қасиеттерімен көтерілгенін, оған халықтық эстетика-талғамның әсер ету әдістері мен жолдарын қарастырамыз.

Оның шығармаларындағы, пьесалары мен повестьтеріндегі әрекеттер өте күрделі, шындыққа жанасатын, прозалық заңдылығы сақталған трактовкасы шиырылған дүниелер. Сол себепті, біз Мұхтардың дүниелерінің кез келгенін алып қарасақ, оның драматургиясынан қиындық, проблема іздеп таппаймыз. Кейбір авторлар, жазушы, драматургтардың драмалық шығармаларын алатын болсақ, мысалы Сәрсенбаев Сәрсенбай, Жұмагелдиев Пәлінбай деген сияқты, олардың шығармаларында драматургиялық ашықтық пен авторлық кеңшілдік таяз сияқты болып көрінеді. Сондықтан да Сәрсенбайлардың дүниелерін сахналастыру кезінде режиссерлардың көптеген тығырықтарға тірелері кездесіп жатады. Ал Әуезовте бәрі оңай. Ол шығармаларын тумай жатып осындай драматургиялық қилылығымен жасайтындай көрінеді. Біз адамдар, өмір сүреміз, тіршілік етеміз. Хәм әр адам, өзінің өмір жолын әртүрлі етіп өткізеді. Бірақ, солай етіп жүріп, біз бір маңызды мәселені көзге ілмей кетеміз – «руханият». Адам өмірінде жасап жатқан, тіпті кей сәттерде елеусіз жасап жатқан есепсіз әрекеттерінің нәтижесі қалай болмағын тіпті ойланбайды. Бүгінгі қиянат - ертеңгі өзіңе жасалған қиянат, бүгінгі жалған – ертеңгі өзіңе келген жалған, бүгінгі санасыздық – ертеңгі өзіңнің жемісің. Міне, осындай трактовкаларды Әуезов драматургиясында жауабымен табамыз. Өмір кемесінде жүрген біз адамбыз ба, әлде наданбыз ба? Өмір бағытын дұрыс жасап жүрміз бе? Ұрпақтан ұрпаққа шынжырдай жалғасар ақ жолдың ақиқаты қайсы? Мейлің жас болсын, мейлің кәрі болсын, жасап жүрген кейбір ойлаусыз, елеусіз қадамдарымыздың сұрауы қалай? Әуезовтың шығармасын көрген әрбір көрермен өзіне бидайдың дәніндей болса да, тәрбиелік мәні бар әсер алып отырса, еңбектің жемісі осы болып табылатынына күмән жоқ. Ал ондай дәнді әсер алу заңдылық болып саналады.

Нәтижелер мен талқылау

Енді Мұхтардың шығармашылығындағы тәрбиелік факторларға келсек. Осы орайда Әуезовтың «Көксерегін» сөзге тиек еткіміз келіп отыр. Ол адам мен табиғат арасындағы байланысты көрсететін, руханилық пен материалдықты анықтайтын дүниетанымдық шығарма. Шығарманың шыққан жылы 1929 ж. Релистік әдебиет жандандырған мотивтік құндылықтарды шеберлік палитрасындағы сан алуан түстер мүмкіндіктерін өз мақсатына орай ізденімпаздың жаңғыру ойы арқылы таспаға басылып, қаламға тиек етілген бірден бір

тәрбиелік мәні бар шығарма. Шығармадағы қарапайым қазақ отбасының өмірлік шырғалаңын, әке мен бала, ана мен бала арасындағы қарым қатынасты, сондай ақ мал мен адамның арасының ара жігін айқындай білген. Қазақ баласы Құрмаштың адам баласына жақын емес, заты да аты да сәйкес емес қасқырмен дос болуына, оған құштар болуына небір өмірдің соқпағы мен туысрасы дәнекер болады ғой. Осы орайды кітаптан әңгімені оқыған әрбір оқырманның санасына тәрбиелік факторлар келетін болады. Және басқа да шығармалары, мысалы «Қарагөз» шығармасын алайық. Ондағы тек махаббатты емес, әке мен қыздың, ана мен қыздың, қазақ құдаларының арасындағы бір көргенде жеңілдеу тартатын, бірақ ішіне үңілгенде өте тартысқа толы қарым қатынастарын насихаттайты. Осы арқылы жастарды тәрбиелейді. Сол себепті оның шығармалары тек өз кезеңінде емес, біздің XXI ғасырдың заман дамыған кезеңіндегі, электроника мен есептің кезеңіндегі жастарға берер тәрбиесі өте зор деп айта аламыз.

Қорытынды

Қорыта келгенде М.Әуезов – қазақ драматургиясының өз топырағында қалай туатынын, халық әдебиетінен қалай нәр алатынын жетік білген,айқын болжау айтқан, сонымен бірге өзге жұрттардың өскен- өнерлі драмалық үлгілерінен қалай үйренуге ғылыми нұсқау көрсеткен ғалым- жазушы. Ол осындай, драмамызға теориялық піскен ойлар айтушы бола тұрып, өзі жазған пьесалары арқылы – қалай оқып, қалай жазудың тәжірибесін де көрсетті. Сондықтан біз: Мұхтар Әуезов қазақ драматургиясының негізін салушы және оның теориясын бастап айтқан ғалымы дейміз. Әуезовтың әрбір шығармасының драматургиялық қиыны мен заңдылығы өте жоғары деңгейде сақталған. Әрбір шығармасынан іздеген адамдар сюжеттік заңдылықтарды, сақталған композициялық сұлулықта табады. Ал тәрбиелік жағына келер болсақ, Әуезовтың шығармалары тәрбиелеген, тәрбиелеп келеді және келешекте тәрбиелейді. Оның шығармаларындағы салт дәстүр, әдет ғұрып, сондай ақ тұрмыстық, отбасылық проблемалар, ата мен бала, ана мен қыз, бай мен кедей, әлеуметтік теңсіздік деген сияқты мәслелерді оқыған да, көрген де жас ұрпақ өзіне үлкен тәрбиелік қазыналарды алатын болады. Оған кәміл сенімдіміз!

Әдебиеттер тізімі

1. С.Қалиев, М.Оразова, М.Смаилова. Қазақтың салт-дәстүрлері. Алматы: «Рауан», 1994, 205 с.
2. Б.Әлімқұлов, Е.Әбдрахманов. Күйеукелтір, қыз ұзат. Алматы: «Санат», 1994ж, 113 б.
3. С.Кенжеахметов Ұлттық әдет-ғұрыптың беймәлім 220 түрі. Алматы: «Санат», 352 б.
4. С.Е.Әжігалиев (жауапты редакторы) Қазақ халқының дәстүрі мен әдет-ғұрыптары. I том, Алматы: «Арыс», 2005, 181 б.
5. Камалова Н.К. Қазақтың мәнін жоймас құндылығы. Шымкент: ОҚМУ, 2006, 182 б.
6. Орынбеков М.С. Философские воззрения Абая. Алма-Ата: Білім, 1995, 136 с.
7. Анастасьев Н. Абай: Тяжесть полета. М: Молодая гвардия, 2008, 383 с.

Аннотация

В ходе статьи появилась информация о духовном мировоззрении литературных произведений талантливого многовекового драматурга, писателя казахского народа М.О. Ауэзова и об образовательной ценности, которую они предлагают молодому поколению. Каждая из его работ полна драматизма, в том числе и те, которые описывают таланты всех слоев общества, глубоко укоренились в мировоззрении любого общества и могут вызывать размышления не только у молодых людей, но и у взрослых. Его работы основаны на корнях первой образовательной и духовной культуры. Эти вопросы будут подробно обсуждаться в статье. Сегодня наследие многих казахских пьес считается одним из самых важных и актуальных вопросов для будущего народа. Роль творчества Ауэзова в воспитании молодежи в современной жизни огромна и уникальна. Болезни, несправедливость и социальное неравенство в обществе, ставшие главными вопросами его творчества, столь же ценны, как золотой жемчуг в казахской драме.

Abstract

The article provides information about the spiritual cognition and educational value of the works of talented Kazakh playwright, writer M.Auezov. Each Auezov's works have a great impact not only on education of young, but also impact on life of old people on the spiritual culture and family upbringing. His works considered on upbringing and spiritual culture of people. All this problems are providing in this article. Today, the preservation of many Kazakh dramas is considered to be one of the most important and topical issues for the future nation. The role of Auezov's work in the education of young people in modern society is special. Diseases, injustices and social inequalities in the society, which have become the main issues of his work, are valuable things like golden pearls in Kazakh drama.

ӘӨЖ 378.016

Ф.А. Қыдырбай

магистрант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

СТУДЕНТ ЖАСТАРДЫ ЭТНОДИЗАЙНДЫ ОҚЫТУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІН ҚАРАСТЫРУ

Түйін

Қазіргі уақытта көпмәдениетті тәрбие студент жастарды этникалық мәдениетке баулуға, этникалық құзыреттілік пен толеранттылықты дамытуға ықпал ететін қазіргі білім берудің негізгі бөлігі ретінде қарастырылады. Бүгінгі таңда білім беру мазмұнын жаңарту контекстінде отандық білім беру дәстүрлерін сақтау жағдайында әлемдік білім беру кеңістігіндегі әлеуметтік-экономикалық және жаһандық интеграциялық құбылыстарға сәйкес мамандарды даярлау сапасын арттыру қажеттілігі өткір сезіледі. Адам қатынастарындағы шиеленістің ұлғаюымен, біздің қоғамда таралып жатқан түсініспеушілік, ұлтаралық қақтығыстар жағдайында, көпэтникалық білім беру ортасындағы өзара іс-қимыл процестерін және ғасырлар бойы қалыптасқан тәрбиенің ұлттық ерекшелігін зерделеу жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайларда этнопедагогикалық білім берудің қазіргі заманғы проблемаларының маңыздылығын өзектендіреді. Мұғалімнің этнопедагогикалық құзыреттілігін қалыптастырудың қазіргі тенденциялары өзгермелі әлеуметтік-мәдени жағдайларда оны жобалау мәселелерін ұғынуға жаңа көзқарас қажеттілігімен тығыз байланысты.

Кілттік сөздер: этникалық білім, этнодизайн, этно-ұлттық, этномәдени код.

Арнайы тоқталуды қажет ететін мәселе – халықтың сол замандағы тәлім-тәрбиелік тәжірибесі. Қазақ халқы ата-тегінен қалған мұраны сақтап қана қалған жоқ, олардың болашақ жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуге, этностың рухани-адамгершілік бейнесіне, мәдениетке, тұрмысқа, әлеуметтік қатынастарға тигізетін әсерін терең ұғынып, оны әрі қарай дамытуға тырысты. Халықтың тәрбиелеу, білім берудің өмірлік тәжірибесінде қолданған педагогикалық формалары мен құралдары алуан түрлі әрі мол. Осының нәтижесінде ұлтымыздың жас ұрпағы сол замандағы қоғамның даму деңгейіне сәйкес, жеткілікті деңгейде ақыл-ой, дене, еңбек, эстетикалық, адамгершілік тәрбиесін алды. Көшпенді қазақ халқының тіршілігі мен еңбек әрекеті табиғатпен, жануарлармен тығыз байланысты. Балалар тәрбиесі табиғатпен ұштастырыла жүргізілді.

Тарихи жағдайлар мен рухани мұралардың барлығы халқымыздың этномәдени білімдері өте ерте заманнан басталғанын, тарихы терең екендігін дәлелдейді. Бұл рухани, этномәдени асыл мұраны ортағасырлық ойшылдардың тәрбие, білім беру туралы идеялары және халық тәлімі мен ауызекі шығармашылығы одан әрі байытты.

Қазақ халқының этномәдени білім беру негізін ортағасырлық Қазақстандағы философиялық және этикалық-педагогикалық идеялар құрайды. Қазақ халқының этнопедагогикалық ойлары қалыптасуына халық тәрбиесі, діни сенімдер, т.б

ықпал етті. Сонымен қатар, Орта Азия мен Таяу Шығыс, Қытай, кейінірек Ресей халықтарының тәжірибесі мен білімдік-тәрбиелік идеялары да өз әсерін тигізді.

Қазақ хандығы тұсындағы этномәдени білім көрінісін халықтың ауыз әдебиетінен табамыз. Осы кезеңде халық арасынан шыққан талантты адамдар –ақындар, салдар, серілер, жыраулар болды. Жастарды отансүйгіштікке, патриоттыққа, қайырымдылыққа, ұжымшылдыққа, еңбекті қадірлей білуге тәрбиелеуде, үлкенді сыйлап, әдепті, кішіпейіл, елгезек, мейірімді болу сияқты жақсы қасиеттерді олардың санасына сіңіріп, бойына ұялатуда Асан қайғы, Шалкиіз, Доспамбет, Ақтамберді, Бұқар т.б. ақын-жырау шығармаларының үлкен маңызы бар [1-3].

«Ұлттық идея философиясы» - В.Г. Флинт, мұны әр мұғалім білуі керек, ол халықтық өнер дәстүрлері мен жаңа дизайн технологияларын интеграциялау арқылы жастарды тәрбиелеу үшін қажет.

Этнодизайн саласында білім беру мұғалімдерін даярлау мәселелерін зерттеудің өзектілігі осы саладағы мамандардың кәсіби құзіреттілігін арттыру қажеттілігімен байланысты, бұл қазіргі қоғамның дамуы мен модернизациясының динамикасымен, Қазақ тұрғындарының әртүрлі санаттарының кеңістіктік кеңістікті жобалау саласындағы білім беру қызметтеріне үнемі өсіп келе жатқан қажеттіліктерімен байланысты.

Сонымен, «этникалық дизайн» дегеніміз - қалыптасудың көп қырлы тұжырымдамасы ұлттық дәстүр бойынша безендіру. Этнографиялық дизайн рухани, мәдени, көркем, дизайн, техникалық және этно-ұлттық ерекшеліктерді үйлесімді түрде үйлестіреді. Ол дәстүрліде коративті тұлғаның рухани әлеуетінің қайнар көзі - қолданбалы өнер және заманауи индустриялық технологиялар. Студенттердің этникалық дизайнын оқытудағы тарихи тәжірибені талдай отырып, біз этникалық дизайнды толық пайдалану проблемасы жаңа емес екенін атап өтуге болады. Теориялық және эмпирикалық тәжірибе ерекше маңызды болды.

Қазіргі Қазақ қоғамы жағдайында және ұлттық мәдениеттің жетістіктерін ескере отырып, гуманистік құндылықтарға тәрбиеленген тұлғаны дамытуға бағытталған білім беру жоғары көркем оқу орындарының дарынды студенттерін оқыту, біздің ойымызша, этникалық дизайн негізінде жүргізілуі керек [4].

Жобалау білімінің мәселелері, атап айтқанда, мемлекеттің қоғамдық-саяси өміріндегі өзгерістермен тығыз байланысты, оның әлеуметтік-экономикалық саласы, материалдық өндіріс саласындағы, сонымен бірге қоғамдық сана. Бұл өзгерістер жоғары көркем оқу орындарының дарынды студенттерін даярлауға қойылатын талаптарды қайтақарауды талап етеді. Сонымен қатар, В.Флинт атап өткендей, әр адамның жеке қабілетіне қарай дамуы қоғамның одан әрі дамуының негізгі тұтқасы .

Қазіргі қоғам бәсекеге қабілетті дайын болуы керек. Қазақ және жаңа шетелдіктен денцияларды ескере отырып. Мемлекеттің экономикалық қуаты мен әл-ауқаты осындай түлекке байланысты.

Қазақстандағы этникалық дизайн мазмұнын, оны жүзеге асырудың ұйымдастырушылық нысандарын одан әрі дамыту қажет. Ойлану және эксперименталды түрде әдістемелік процедуралық сүйемелдеу маңызды. Жобалық-оқупроцесі, сонымен қатар жағымды тақырып - дизайнерлік білім берудің кәсіптік оқу орындарында қалыптасқан жағдай. Бұл педагогикалық жағдайлар қазіргі Қазақстандық дизайнерлердің қалыптасуы үшін қажет және тиімді білім саласы [5-6].

Алайда, қазіргі заманғы ұлттық костюмдерді жасау кезінде оның түсі өзгеріссіз қалады. Костюмде үлкен символдық рөл түстер. Көк түс аспанды, ақ – қуаныш пен бақыт, сары түс білім мен даналықты, қызыл түстің барлық реңін – от, күн, жасыл түс – жастық пен көктемді, қара – жерді білдіреді. Қазақ ою-өрнегі деген не? Бұл өрнекте кодталған, фон мен өрнектің арасында теңдестірілген, тік осьтер бойынша симметриялы орналасқан дала философиясы. Бұл нақты суретке салынған және өмірдің өзі сияқты қарама-қарсы бояулармен боялған Ежелгі өнер. Ою-өрнек шығармашылығы ұлттық байлық, халық өмірінің шежіресі болып саналады. Бүгін біз қазақ халқының мәдениетінің куәліктерін мұқият жинаймыз. Өйткені оның арқасында біз және біздің балаларымыздың өз халқының тарихына, оның бастауына араласамыз.

Киімде этникалық дәстүрлерді қолдану қазақ халқының мәдениеті мен өнеріне деген тұрақты қызығушылықты қалыптастыратынын, халықаралық диалогтың өзара кірігуіне және дамуына ықпал ететінін мойындау керек, қазақстандық дизайнерлердің өз халқының

құндылықтарын көрсету, сондай-ақ қазіргі заманғы үрдістермен үйлесе отырып ұлттық костюмнің этникалық өзіндік ерекшелігінің көркемдік синтезін көрсете отырып, жоғары сән халықаралық "алаңдарына" шығу мүмкіндігі пайда болды.

Біз осы жағдайларға байланысты қазіргі заманғы сәннің, материалдарды, әшекейлерді ауыстырудың әсерінен, материалдық мәдениеттің бірегей көрінісі, Этно өнертану саласындағы жан-жақты зерттеулер үшін сарқылмайтын қайнар көзі болып табылатын халық костюмін қалаймыз. Қазақ әйелінің халық киімі, оның авторлары бұйымдардың, материалдың, декордың сипатын, виртуоздылыққа жеткен жасау тәсілдерін— ерекше ұлттық мақтанышпен түсіністікпен ерекшеленеді.

Қорытынды

Оны болпашақ ұрпақ үшін алғашқы түрде сақтау, әрине осы процеске қатысы бар барлық адамдар жауапты және құрметке лайық. Осы бағыттағы перспективаға келетін болсақ, спорттық стиль киімдерінің, әйелдер киімдерінің, трикотаж киімдерінің, этникалық костюмнің декоративті әрлеу ерекшеліктерін пайдалана отырып жасалған арнайы киімдердің үлгілерін жобалау теориясы саласында терең ғылыми ізденісті белгілеуге болады. Осы салада инновациялық материалдарды пайдалана отырып, заманауи киімнің технологиясы мен конструкциялануы, этникалық костюмнің ерекшеліктерін түсіндіру тұрғысынан ғылыми ізденістер болуы мүмкін.

Әдебиеттер тізімі

1. Маргулан, А.Х. Казахское народное прикладное искусство. – Алма–Ата, 1986. – Т. 1.
2. Кажгали, У.А., Ою ой. – Алматы, 2004.
3. Муканов, М.С. Казахские домашние художественные ремесла. – Алма-Ата, 1983.
4. Акатай, С. Древние культы и традиционная культура казахского народа. – Алматы, 2001.
5. Маргулан, А.Х. Казахское народное прикладное искусство. – Алма-Ата, 1994. – Т. 3.
6. Кажгали, У.А. Органон орнамента. – Алматы, 2003.
7. Турганбаева, Ш.С. Цвето-орнаментальные категории как доминантная основа декоративно-прикладного искусства казахов // Журнал академии художеств Узбекистана. – SAN AT. – 2009. – № 3.
8. Каракузова, Ж.К. Космос казахской культуры / Ж.К. Каракузова, М.Ш. Хасанов. – Алматы, 1993.

Аннотация

Казахский национальный костюм - материальной культуры казахов. Данная статья посвящена вопросам использования особенностей декоративного оформления традиционного казахского национального костюма. Он представляет собой феномен декоративно-прикладного искусства и объект творческого переосмысления в современном дизайне костюма.

Применение дизайнерами культурных традиций в направляющих коллекциях современного костюма является не только обращением к богатому народному наследию, но и демонстрацией перспективных направлений художественного синтеза этнической самобытности и модных направлений моды. Предпосылками успешной творческой деятельности дизайнеров является углубленное изучение народных традиций, особенностей национальной культуры.

В этой связи, анализируются особенности развития дизайна, декоративного оформления традиционного костюма как творческого источника проектирования современной одежды. Для достижения указанной цели и решения поставленных задач были выбраны работы известных модельеров Казахстана, широко применяющих в своем творчество этнокультурные традиции.

Abstract

Kazakh national costume - material culture of the Kazakhs. This article is devoted to the use of features of decorative design of the traditional Kazakh national costume. It is a phenomenon of decorative and applied art and an object of creative reinterpretation in modern costume design.

The use of cultural traditions by designers in directing collections of modern costume is not only an appeal to the rich national heritage, but also a demonstration of promising directions of artistic synthesis of ethnic identity and fashion trends. The prerequisites for successful creative activity of designers is an in-depth study of folk traditions and features of national culture.

УДК 371.01

А. Саипов, Г.К. Рахышбаева, Ж.А. Абекова

п.ғ.д., профессор, «Физикалық антропология» республикалық ғылыми-зерттеу зертханасының меңгерушісі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан
магистрант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан
ф.-м.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАСИЕТТІ НЫСАНДАРЫ» БАҒДАРЛАМАСЫ - ҚӨЛТОҒАН ҚОРЫМЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫН РЕНТГЕНДІК ЖӘНЕ МИКРОСКОПИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРМЕН ЗЕРТТЕУ

Түйін

Мақалада ежелгі керамика үлгілерінің құрамы мен құрылымын зерттеу туралы мәліметтер бар - Оңтүстік Қазақстан облысында, Арыс өзені маңында, Көлтоған қорымы (Көлтоған ауылы біздің дәуірімізге дейінгі VI-IV ғасырларда Ұлы Жібек жолы бойында болған). Бұл керамикалық үлгілер археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде табылған тарихи және мәдени мұра болып табылады. Атап айтқанда, құмыралар мен құмыралардың керамика бөліктері зерттелді. Зерттеу мақсаты - әртүрлі эксперименттік әдістермен археологиялық керамиканың құрылымы мен қасиеттері арасындағы қатынасты анықтау. Рентгендік фазалық анализді (DRON) қолдана отырып, ежелгі керамика үлгілеріндегі минералдардың құрамы анықталды: муллит - 3Al2O32 SiO2, α тридидит - α • SiO2, дала шпаты - K2O • Al2O36 SiO2, гематит-α • Fe2O3. Neophot-21 шағылысу микроскопында жүргізілген зерттеулер археологиялық және керамикалық үлгілердің ірі түйірлермен болатындығын көрсетті.

Кілттік сөздер: тарихи және мәдени аудандар, археологиялық және тарихи ескерткіштер, экологиялық-табиғи және әлеуметтік-мәдени факторлар, көне керамиканы заманауи зерттеу әдістері, Ұлы Жібек жолы, Қөлтоған қорымы, археологиялық қазбалар, көне керамикалық ыдыстар, құмыра керамикасы фрагменттері.

Рухани жаңғыру: «Қазақстанның қасиетті нысандары» бағдарламасы бойынша Қазақстанның қасиетті нысандары (проект "Духовные святыни Казахстана" или "Сакральная география Казахстана") ежелгі тарих «куәгерлері» [1]. Бұлардың қатарына діни архитектуралық құрылыстар, қалалар, елді мекендер, қорғандар, қорымдар, киелі орындар, үңгірлер мен тарихи ландшафттар жатады.

Әдетте, бүгінгі күнге дейін жақсы сақталған және құрметтелген, танымал архитектуралық ескерткіштер көпшілікке әйгілі.

Тарихи-мәдени мұраның негізгі көлемі бүкіл Қазақстан бойынша таралған археологиялық ескерткіштерден тұрады. Олар үлкен хронологиялық кезеңді қамтиды: ежелгі дәуірден тас ғасырына дейінгі орта ғасырлар. Олар уақыттан қорғансыз және байыпты ғылыми зерттеулерді, консервация және қалпына келтіру жұмыстарын, сонымен қатар

эксплуатациялық жұмысқа дұрыс көзқарасты қажет етеді.

Рухани мұраның тағы бір түрі - табиғат нысандары, оларды қасиеттеу ежелгі дәуірге кетеді. Олардың кейбіреулері қасиетті деп жарияланып, қажылық туризмінің объектісіне айналады, бірақ зерттеуді және ғылыми сараптаманы қажет етеді.

Тарихи және археологиялық ғылымға енген әйгілі қасиетті нысандармен қатар жаңалары пайда болады - діни ескерткіштер мен киелі орындар.

Қажылық нысандары тарихи, ғылыми және көркемдік маңызы бар сәулет ескерткіштеріне айналады. Иммунитет құқығына ие бола отырып, олар араласуға жатпайды; олардың көпшілігі ғибадат орындары. Бірақ оларды жаңадан пайда болған қасиетті орындардан бөліп, тарихи-көркемдік құндылықтың болуын анықтаған жөн.

Тәуелсіздік жылдарында аңызға айналған ата-бабалардың ұмытылған есімдерін қайтару мүмкін болған кезде қоғамдық сана өзгерді. Діни туризм өсіп келеді, оның орбитасына көптеген аймақтар тартылады. Содан кейін діни туризм мен ұлттық қажылықтың, ұлы ата-бабалар табынуымен байланысты сызық құру қажеттілігі туындады.

Қазақстанның киелі нысандарын анықтаудың кезек күттірмейтін мәселесіне байланысты ғалымдар бүкіл ел бойынша киелі жерлерді жүйелеумен айналысуда. Мұндай тарату тарихи-мәдени мұра саласындағы крекерлердің таралуына және осы негізде діни экстремизмнің пайда болуына жол бермейді.

Қасиетті нысандарды белгілі бір өлшемдерге негізделген жүйелеу табиғи және басқа да қасиетті жерлерді тарихи-мәдени сараптау механизмін жасауға мүмкіндік береді.

Қасиетті нысандардың тізілімі үш ұйымның ғылыми топтарының алқалық іріктеуі негізінде құрылды: Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Мемлекет тарихы институты. Қазақстандағы киелі орындардың алдын-ала тізіміне 574 нысан кірді, олардың 279-ы 2017 жылы сипатталған. Мұрағаттық және библиографиялық материалдар, далалық зерттеулер негізінде ғалымдар ежелгі дәуірден бүгінге дейін объектілердің сипаттамалары бар реестр құрды.

Үлкен-Жезді, Қараүңгір, Белқарағай - әсіресе тас дәуіріндегі археологияның маңызды ескерткіштері. Ботай, Қожай, Құмкеш - дала өркениетінің белгілерінің бірі болып табылатын жылқыларға арналған ескерткіштер. Атасу, Мыржық, Талдысай - Орталық Қазақстан аумағында Жезқазған-Ұлытау аймағындағы ежелгі әлемдегі ең ірі металлургиялық орталықтардың бірегей ескерткіштері. Ерте көшпенділер дәуірінің жерлеу, мемориалдық және салттық нысандары бар: Талды-2, Шілікті, Есік, Берел, Таксай және басқалары. Отырар, Сидақ, Жуантөбе, Испиджаб, Сауран - сәулет пен құрылыс шеберлігінің көрнекті үлгілері бар ортағасырлық маңызды қалалар - сауда және қолөнер орталықтары.

Тарихи тұрғыдан Қазақстан аумағын бірнеше тарихи және мәдени аудандарға бөлуге болады. Олар археологиялық және тарихи ескерткіштердің мазмұндық жағына әсер еткен жақын ішкі байланыстармен, жалпы дамумен, экологиялық-табиғи және әлеуметтік-мәдени факторлардың сәйкес келу өрнектерімен ерекшеленеді.

Қасиетті орындар халықтың ұзақ және оқиғалы өмірі мен қызметін, тәуелсіздік үшін күресті бейнелейді. Қазақстанның қасиетті нысандарын есепке алу жөніндегі жұмыс ұзақ және қажырлы еңбек болып табылады, оған әртүрлі ғалымдар: археологтар, тарихшылар, этнологтар, филологтар, шығыстанушылар қатысады.

Қасиетті ескерткіштердің көп томдық тізілімін жүйелеу және дайындау бойынша ауқымды жұмыстарды жүргізудегі соңғы мақсат халықты топтастыру және жаңа ұлттық идеяны қалыптастыру болуы керек. Алынған білімді насихаттау рухани құндылықтардың қайнар көзі болады. Қасиетті нысандардың тізілімі - Қазақстан халқының үйлесімді дамуының кепілі.

«Аға буынның ұлы істерін жалғастыра отырып, біз болашақ ұрпаққа сенімді қадамдар жасауға жол ашамыз. Бұл тәуелсіз Қазақстанның дамуы, өсуі мен өркендеуінің жолы болады», - деп Н.Ә. Назарбаев қазақстандық қоғамның алдына нақты міндет қойды [2].

Ұсынылып отырған ғылыми жұмыс – көне керамиканы заманауи зерттеу әдістерінің тәжірибесіне арналған.

Бұл жұмыста эксперименттік саладағы бұрын мәлім болмаған жақтарын ұсынамыз. Керамикалық ыдыстарды жасау дәстүрін даярлау барысында өңдеу әдістемелерінің негізінде саз балшықтан жасалған заттарға әсерлері зерттелді. Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент өңірінен табылған Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан Қөлтоған қорымы (біздің эрамызға дейінгі VI-IVғасыр) археологиялық қазбаларынан табылған көне керамикалық ыдыстары зерттелді [3-7].

Зерттелген заттар: хум керамикасының фрагменттері.


Рентгенді-фазалық анализ

ДРОН-3 рентгендік аппаратында [8] Қөлтоған-1 қорымы археологиялық қазбаларының 3 керамикалық фрагменттері (үлгілері) қарастырылды. Үлгілердің минералды құрамын анықтау CuK_{α}-сәулелену, *Ni*-фильтр, 30кВ, 20mA режимінде жүргізілді, рентгенді-фазалық дифракциялық анализ қарастырылды. Рентгенограммаларды талдау үшін ASTM-американдық картотекасының мәліметтер базасы қолданылды. Бұл анализ фрагменттердегі кристалдық фазалары туралы мәлімет береді.

Қолтоған-1 қорымының үлгілері (№1,2,3) құрамы бірдей кристалдық фазалар көрсетті, олар суретте көрсетілген және құрамы төмендегідей:

1. муллит: (d/n=3,37-2,849-2,54-2,49-2,20-2,14-2,01-1,87-1,83-1,55 Å);
2. тридимит (d/n=4,32-4,08-3,81-2,96-2,49-1,73-1,69Å) ;
3. натрий қосылған калийлі далалық шпат (d/n=3,47-3,27-3,23-2,96-1,99-1,87-1,55Å);
4. гематит (d/n=3,47-3,27-3,23-2,96-1,99-1,87-1,55Å) .


Муллиттің мәндерінің үлгіден үлгіге ауытқуы - үлгілердің құрамында муллиттің құрамы біркелкі емес екендігін көрсетеді, сол сияқты далалық шпаттар да осындай нәтиже көрсетті (1.1-1.3 суреттер).



1.1 сурет. №1 үлгі-археологиялық керамикалық хумның рентгенограммасы

Рентгендік нәтижелер: зерттелінген археологиялық керамика муллит-$3Al_2O_3 2\ SiO_2$; α

тридимит–α· SiO_2; далалық шпат–K_2O· $Al_2O_3$6 SiO_2 және гематит - α·Fe_2O_3 – кристалдық фазаларынан құралған. Көпшілік жағдайда балшықтың құрамында кальцит - $CaCO_3$ кездеседі, бұл керамиканың құрамында ол жоқ. Тридимит 560^0С-та пайда болады, муллит 900-970^0С-та пайда болады. Кальцит 900^0С-та жойылып кетеді, олай болса бұл археологиялық керамиканы 900^0С-тан жоғары температурада 910-920^0С-та күйдірген деп болжам жасаймыз.



1.2 сурет. №2 үлгі-археологиялық керамикалық хумның рентгенограммасы




1.3 сурет. №3 үлгі-археологиялық керамикалық хумның рентгенограммасы
«Neophot-21» микроскобында жасалған эксперименттер

Керамикалық үлгілерді (№1,2,3) микроскопиялық зерттеу Neophot-21 шағылу микроскобында жүргізілді. Үлкейту 600 есеге дейін. Үлгілердің пробадайындығы (шлифтеу, жылтырату (полировка) «STRUERS» аппаратында дайындалды. Микроскопиялық зерттеудің нәтижесі бойынша 3-үлгінің де құрамындағы дәндер ұқсас болып шықты (1.4-1.6 суреттер). №3 керамикалық үлгінің түсі күлгін болып келген, ал №1 және №2 үлгілер - қоңырқай түсті болып келген. 3-үлгіде де муллиттің көкшіл-сұр призматектес кристаллиттері көрініп тұр.

№1 және №2 үлгілерде далалық шпаттың үлкен ақшыл-боз (мутный) дәндері көрініп тұр, ал №3 үлгіде олардың өлшемдері кішірек. Үлгілерде далалық шпаттың көптеген дәндері сынғанға ұқсайды (растресканы). №1 және №3 үлгілерде гематиттің дәндері (қоңыр) бар. Тридимит үлгілерде түссіз алтыбұрыштар ретінде көрініп тұр.



1.4 сурет. №1 үлгінің микроскопиялық кескіні



1.5 сурет. №2 үлгінің микроскопиялық кескіні



1.6 сурет. №3 үлгінің микроскопиялық кескіні

Керамикалық үлгілердің Neophot-21 микроскопиялық зерттеулері – сазбалшықты дәндер мен далалық шпаттың дәндері отқа күюден пайда болғанын көрсетті.

Микроскоптың көмегімен дәндердің мөлшерлерін анықтауға болады. Ол үшін сызықты окуляр-микрометр қолданады [9]. Сызықты окуляр-микрометр – бұл ішінде шыны пластикасы бар окуляр. Шыны пластинка 10 бөлікке бөлінген. Окуляр-микрометр кәдімгі окулярдың орнына бұрап орнатылады. Окуляр-микрометрдің әр бөлігі: 0,001мм=1мкм.

Дәннің мөлшерін өлшеу келесі тәртіппен орындалды:

1 Окуляр-микрометрдің шкаласымен дәннің Х осі бойынша шекарасы сәйкес келуі керек; Табылған мәнді окуляр-микрометрдің бөлігінің бағамына көбейтеміз.

2 Окуляр-микрометрдің шкаласымен дәннің У осі бойынша шекарасы сәйкес келуі керек; Табылған мәнді окуляр-микрометрдің бөлігінің бағамына көбейтеміз.

Біздің жүргізген микроскопиялық зерттеулер (Neophot-21) арқылы мынадай нәтижелер алынды: бірнеше дәндердің өлшемдері, есептеулер нәтижесінде орташа мәндері анықталды - дәндердің ұзындықтары 5-6 мкм., ал ендері 3-4,5 мкм. болып табылады. Яғни, осы бұйымдарды жасау барысында сол кездегі шеберлер асқан дәлдікті меңгергенін, қоспа құрамының қасиеттерін жетік білгенін, оларды өңдеу және даярлау барысын аса ыждағаттылықпен атқарғанын көреміз.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.. Программа «Рухани жангыру», "Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания", проект «Духовные святыни Казахстана», или «Сокральная география Казахстана»//Жалпыұлттық республикалық газет «Егемен Қазақстан», №70, Астана, 12 сәуір, 2017, 2 б.
2. Байтанаев Б.А., Ергешбаев А., Шаяхметов А.Х. Раннесредневековая планиграфия городища Торткултобе // Материалы международной научно-практической конференции «Духовная модернизация: национальная система образования и мировой опыт», посвященной 80-летнему юбилею Южно-Казахстанского государственного педагогического института. Шымкент, 2017, С. 120-124.
3. Байтанаев Б.А., Сулейманов Р.Х., Ергешбаев А.А., Шаяхметов А.Х. Раннесредневековое городище Торткултобе (Предварительные итоги 2015 года) // Известия НАН РК. Серия общественных и гуманитарных наук. Алматы, 2015, №6, С.154-164.
4. Бобринский А.А. Гончарная технология как объект историко-культурного изучения. Актуальные проблемы изучения древнего гончарства(коллективная монография). Самара: изд-во:САМГПУ, 2010, С. 5-109.
5. Борисов В.А. Особенности ритуально-погребальной керамики (по материалам памятников эпохи бронзы Верхнего Приобья). Роль естественно-научных методов в археологических исследованиях. Барнаул: АлтГУ, 2009, С.256-259.
6. Борисов В.А. Физико-механические свойства еловской керамики. Пространство культуры в археолого-этнографическом измерении. Западная Сибирь и сопредельные территории. Томск: Томский Гос.университет, 2011, С. 16-18.
7. Абекова Ж.А. Рентгенді құрылымды талдау. Оқу құралы. Шымкент: М.Әуезов ат. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, 2015, 108 б.
8. Абекова Ж.А. Заттарды зерттеудің микроскопиялық әдістері. Оқу құралы. Шымкент: М.Әуезов ат. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, 2015, 142 б.

Аннотация

Статья содержит данные исследования состава и структуры древних керамических образцов - археологических находок, найденных в Южно Казахстанской области, вблизь реки Арысь, могильника Колтоган (аул Колтоган находился на пути Великого Щелкового пути в VI-IVвв. до нашей эры). Эти керамические образцы – историко-культурное наследие, обнаруженное с помощью археологических раскопок. В частности исследовались фрагменты керамики хумов и кувшинов.

Целью исследования является установление взаимосвязи структуры и свойства археологической керамики разными экспериментальными методами.С помощью рентгено-фазового анализа (ДРОН) определен состав минералов в древних керамических образцах, это: муллит - $3Al_2O_32\ SiO_2$, α тридимит – $\alpha\cdot SiO_2$, полевой шпат – $K_2O\cdot Al_2O_36\ SiO_2$, гематит- $\alpha\cdot Fe_2O_3$. Проведенные исследования на микроскопе, работающего на отражении «Neophot-21» показали, что археологические, керамические образцы - с крупными зернами.

Abstract

The article contains data on the study of the composition and structure of ancient ceramic specimens - archaeological finds found in the South Kazakhstan region, near the Arys river, the Koltogan burial ground (Koltogan aul was on the Great alkaline path in the VI-IV centuries BC). These ceramic specimens are a historical and cultural heritage discovered through archaeological excavations. In particular, fragments of ceramics of hums and jugs were investigated. The aim of the study is to establish the relationship between the structure and properties of archaeological ceramics by various experimental methods.Using the X-ray phase analysis (DRON), the composition of the minerals in ancient ceramic samples was determined: mullite - 3Al2O32 SiO2, α tridimite - α · SiO2, feldspar - K2O · Al2O36 SiO2, hematite - α · Fe2O3. The studies carried out on a Neophot-21 reflection microscope showed that archaeological and ceramic specimens are with large grains.

УДК: 614.2:616.831-036.88:340.6

Н.И. Сайдиганиева, Ж.Б.Бапаев
магистрант, Южно-Казахстанская медицинская академия, Шымкент, Казахстан
к.м.н., Южно-Казахстанская медицинская академия, Шымкент, Казахстан

РЕЛИГИОЗНЫЕ АСПЕКТЫ КОНСТАТАЦИИ СМЕРТИ МОЗГА В МНОГОПРОФИЛЬНОЙ БОЛЬНИЦЕ

Аннотация

В Казахстане вопросы диагностики смерти мозга регламентируются приказом и.о. Министра здравоохранения РК от 11 августа 2010 года №622 «Об утверждении Правил констатации биологической смерти или необратимой гибели головного мозга, и прекращения искусственных мер по поддержанию жизненно важных функций органов после констатации биологической смерти или необратимой гибели головного мозга». Приказ Министра здравоохранения Республики Казахстан от 25 сентября 2018 года № ҚР ДСМ-18. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 14 ноября 2018 года № 17740.

В РК с 2012 года, после того как была произведена первая успешная трансплантация сердца от трупного донора в Астане, получило развитие высокотехнологическая дисциплина в медицине - трансплантация человеческих органов. По данным ВОЗ донационная активность от трупных доноров в высокоэкономически развитых странах составляет 35 и выше на 1 млн. населения, в то время как в 2017 году в РК этот показатель от трупных доноров составил 9,7% на 1 млн. населения. В Туркестанской области забор органов от трупа был выполнен только в 1 случае (январь 2017), и только 2 реципиентам в стационаре г. Шымкента произведены трансплантации трупной почки.

Ключевые слова: смерть головного мозга, донор, реципиент, кома.

Актуальность проблемы: В нашей стране существует нехватка донорских органов. Граждане Казахстана неохотно соглашаются передавать органы погибших родных [1]. Хотя на эту тему с ними ведут переговоры не только врачи, но и священнослужители. Основными факторами, влияющими на развитие посмертного органного донорства являются в РК: 1. культурные, 2. религиозные, 3. законодательные, 4. социально-экономические, 5. низкая профессиональная подготовка и осведомленность медицинского персонала

многопрофильных больниц по констатации смерти головного мозга, 6. отсутствие учебных образовательных программ в высших медицинских заведениях в РК по констатации смерти головного мозга при подготовке студентов, интернов, магистрантов, резидентов, докторантов по клиническим специальностям анестезиология, неврология, нейрохирургия [2].

С точки зрения человеческой жизни, пересадка органов имеет огромное значение. Так как не существует какой-либо альтернативы этому методу. Если бы такая альтернатива существовала, то не было бы никакой необходимости в пересадке органов. Поскольку пересадка органов является сравнительно новым и не имеющим альтернативы методом, то некоторые из алимов негативно относятся к этому, однако современные Исламские организации и институты считают пересадку органов дозволенной при соблюдении определенных условий.

Стремительное развитие медицинских технологий усложнило взаимоотношение религии и медицины. Многовековые традиции религии, хранящие главные и уникальные основы разнообразных человеческих культур, имеют основания критически относиться к достижениям человеческого разума, отторгать их или ассимилировать. Большинство западных христианских богословов являются сторонниками трансплантации и положительно оценивают факт изъятия и переноса органов умершего в тело живого человека [3].

Цель исследования: Изучить правовую и религиозную грамотность медицинских работников, населения, и религиозных деятелей по констатации смерти головного мозга.

Римско-католическая церковь считает, что донорство в трансплантологии – это акт милосердия и нравственный долг.

Протестантские богословы признают законность существования человека, получившего орган от другого. Однако коммерческие сделки с донорскими органами считают аморальными.

Русская православная церковь выразила свое официальное отношение к проблемам трансплантации в «Основах социальной концепции РПЦ» (2000 г.). РПЦ признает изъятие органов от живого донора «только на добровольном самопожертвовании ради спасения жизни другого человека». Информированное согласие на эксплантацию органов от живого донора и «посмертное донорство» становятся проявлением любви и сострадания [4].

Буддизм оговаривает пересадку органов от трупа следующими условиями: необходимо согласие близких или покойного при жизни. Согласно буддизму, в случае естественной смерти сознание находится в теле еще три дня, и вмешиваться в это время в тело нельзя. В случае внезапной смерти сознание покидает тело сразу [5].

Секция Свидетелей Иеговы категорически противостоят тому, что живое донорство является носителем души в крови к человеку.

Иудаизм дает возможность трансплантации от живого донора сохранить жизнь человека. Однако еврейская религия запрещает проводить организмы от трупов, так как тело не должно быть очищено и похоронено. Аутопсию разрешается в случае возникновения вопроса о сохранении жизни человека с интересами справедливости, если оно не может быть установлено при спасении жизни умершего, а также при невозможности установления причин смерти другим способом [6].

Ислам разрешает трансплантацию от живого донора. Трансплантация от трупа требует выполнения ряда условий: объявления о смерти 3 врачами (среди которых не должно быть трансплантолога), согласия родственников, изъятия органа в официальном учреждении. Пересадка органов разрешена в Исламе. Отдел шариата и фетв Духовного управления мусульман Казахстана издал фетву о трансплантации в 2017 году. Трансплантация органов может проводиться как после смерти человека, так и при жизни. Пересадка органов рассматривается как благотворительность, за которую человек получит вознаграждение [7].

Материалы и методы: Анкетирование населения, медицинских персоналов в многопрофильной больнице, религиозных деятелей разных конфессий по констатации смерти мозга.

Опрос и обследование проводилось в условиях Городской клинической больницы №1 и ОКБ, кафедра Социального медицинского страхования и общественного здоровья ЮКМА. Основную группу составили пациенты с констатацией смерти мозга от неврологических причин, и проводилось анкетирование среди населения, студентов и учителей медицинской академии.

В анкетировании участвовали 40 людей не имеющих информации о трансплантации органов, 70 студентов медицинской академии, и 5 учителей. Анкета содержала вопросы, относящиеся к трансплантации органов в РК, донорство, пересадка органов, и насколько уведомлены о трансплатации в РК. Полученные ответы от анкетирования были положены в основу исследования информированности населения.

Результаты и обсуждения: По итогам анкетирования можно считать что в основном 40% людей не осведомлены религиозно о трансплантации органов. В данное время большинство исламских ученых не возражают против донорства, при условий, что выполняемое действие не противоречит правилам шариата, а также его медицинская необходимость подтверждена квалификационным врачом.

Для результативной работы службы трансплантационной координации и обеспечения населения донорами необходим комплексный подход.

Выводы: Прогнозирование важного потенциала медицинской

помощи, детальная трансплантация являются основным направлением научных открытий и экспериментов. В основном для всех медицинских работников этические проблемы являются реальным свидетельством решения этических проблем, когда человек жив и мертв. Это направление контролирующего мышления об уважении к своему телу, его телу, физическому телу, которое формирует природу человека.

Список литературы

1. "Об утверждении Правил констатации биологической смерти или необратимой гибели головного мозга (смерти мозга)" О внесении изменений в приказ исполняющего обязанности Министра здравоохранения Республики Казахстан от 11 августа 2010 года № 622
2. Кодекс Республики Казахстан от 18 сентября 2009 года №193-IV «О здоровье народа и системе здравоохранения» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 28.12.2018 г.).
3. Указ Президента Республики Казахстан от 15 февраля 2018 года №636 «Об утверждении Стратегического плана развития Республики Казахстан до 2025 года».
4. Арингазина А.М., Современные подходы к реализации донорских программ в трансплантологии – Клиническая медицина Казахстана -2014, -№2, - С 14-20.
5. Керимов Г.М. Шариат: Закон жизни мусульман. Ответы Шариата на проблемы современности. – Спбю: «Издательство «ДИЛЯ», 2007, с. 478 – 479.
6. Уолкер, А.Э. Смерть мозга: Пер. с англ. / А.Э. Уолкер; Под ред. А.М. Гурвича. – М.: Медицина, 1988. – 288 с.
7. Главный редактор – Доскалиев Ж.А Трансплантология в Казахстане ЖУРНАЛ ТРАСПЛАНТОЛОГИЯ В КАЗАХСТАНЕ 2015

Түйін

Қазақстанда мидың өлімін диагностикалау мәселелері «Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 11 тамыздағы № 622« Мидың биологиялық өлімі немесе қалпына келтірілмейтін күйін бекіту және өмірлік маңызды функцияларға қолдау көрсететін жасанды шараларды тоқтату туралы »бұйрығымен реттеледі. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 25 қыркүйектегі № Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығы-18. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылы 14 қарашада № 17740 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасында 2012 жылдан бастап Астана қаласында кадаверналық донордан алғашқы сәтті жүрек трансплантациясы жасалынғаннан кейін медицинада жоғары технологиялық пән - адам ағзаларын трансплантациялау дамыды. ДДСҰ мәліметтері бойынша, экономикалық дамыған

елдердегі кадавер-донорлардың қайырымдылық белсенділігі 1 миллион адамға 35 және одан жоғары, ал 2017 жылы Қазақстанда кадровный донорлардың бұл көрсеткіші 1 миллион тұрғынға шаққанда 9,7% құрады. Оңтүстік Қазақстан облысында органдар мәйіттен тек 1 жағдайда (2017 жылдың қаңтары) шығарылды, ал Шымкент қаласындағы ауруханада тек 2 реципиентте бүйректің кадаавр трансплантациясы жасалды.

Abstract

In Kazakhstan, the issues of diagnosing brain death are regulated by the procedure of the Minister of Health of the Republic of Kazakhstan dated August 11, 2010 No. 622 "On the approval of the State of biological death or irreversible loss of the brain and the termination of artificial measures to support the vital functions of vital functions." Order of the Minister of Health of the Republic of Kazakhstan dated September 25, 2018 No. Ministry of Health of the Republic of Kazakhstan-18. Registered in the Ministry of Justice of the Republic of Kazakhstan on November 14, 2018 No. 17740.

In the Republic of Kazakhstan since 2012, after the first successful heart transplantation was performed from a cadaveric donor in Astana, a high-tech discipline in medicine — transplantation of human organs — developed. According to the WHO, donation activity from cadaveric donors in highly economically developed countries is 35 and higher per 1 million people, while in 2017 in Kazakhstan this indicator from cadaveric donors amounted to 9.7% per 1 million population. In the South Kazakhstan region, organs were removed from a corpse only in 1 case (January 2017), and cadaveric kidney transplants were performed in only 2 recipients in a hospital in Shymkent.

ӘОЖ 74; 378.147

А.М. Тунгатаева, Б.У. Жетписбаева, Н.М. Абдураимова, М.С. Мейрманов, К. Пошанова

магистр, аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

магистр, оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

ТҮР-ТҮС АТАУЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ

Түйін

Бұл мақалада қазақ тіліндегі жалпы түр-түс ұғымына қатысты атаулардың ұлттық наным сенімі жайлы. Олардың ішінде өз тұлғасымен берілетін түр-түс атаулары ақ, боз, сұр, қара, ала, ал-қызыл, сары, көк, жасыл, қоңыр, кер, құба, құла, торы, күрең, жирен, күлгін, шабдар, барқын, баран, қызғылт, көгілдір, көкше, сарғылт, ақша, ақшыл, зеңгір, бурыл, сұрғылт, көкшіл, сұрқай, қоңырқай, және т.б., қырыққа жуық. Түр-түс табиғатын әрбір халық, әрбір этностық топ өзінше танып, өзінше анықтап, өз тілінде ат қояды. Ғылым мен техниканың қарыштап дамуы – әрине кейінгі дәуірлердің жемісі. Сондықтан да біздің бабаларымыз колориметрия, физика, химия, оптика, физиология ғылымдарынан еш хабары болмаған сонау көне заманның өзінде-ақ көптеген түр-түсті анықтай білген, олардың әрқайсысын түстеп танып, ат қойып қолданып түстің психологиялық әсерін білгені туралы.

Кілттік сөздер: Түр түс, символика, түстік қатынас, сәулет, дизайн, сурет, кескіндеме, кеңістік, әдістеме, түс пен түстік үйлесім.

Халықтың асыл мұраларын жеткізуші ана тілі екені баршамызға айқын, оны дамыту, тану үрдістерін жан-жақты зерттеу, танып-білу арқылы түр-түс атауларын термин ретінде

қалыптастыру мүмкіндіктерін ашу бүгінгі күннің басты талаптары. «Бүгінде отанымыздың жетістіктері—әрбір азаматтың ұлттық мақтанышы. Күшті, қуатты мемлекеттер ғана ұзақ мерзімдік жоспарлаумен, тұрақты экономикалық өсумен айналысады.

«Қазақстан — 2050» стратегиясы — барлық саланы қамтитын және үздіксіз өсуді қамтамасыз ететін жаңғыру жолы. Ол — елдігіміз бен бірлігіміз, ерлігіміз бен еңбегіміз сыналатын, сынала жүріп шыңдалатын үлкен емтихан. Стратегияны мүлтіксіз орындап, емтиханнан мүдірмей өту — ортақ парыз, абыройлы міндет!»–деп Елбасымыз атап көрсеткендей [1].

Түр-түстердің табиғатын білу, құрамын анықтау, қолданыс аясын кеңіту өмірдің барлық саласында да қажетті маңызы зор мәселе.

Қазақ тілінде түр-түске байланысты қолданылатын сөздер тек түсті ғана білдіріп қоймайды. Түр-түс атаулары белгілі бір шеңбер аясында қолданылып, тура, ауыспалы, шартты символдық т.б. мағыналарды білдіреді. Түр-түс атауларының табиғаты тілдегі ұлттық мәдениет, тарих, дүниетаным, қазақы түсінікпенде сабақтасып жатады. Сол себепті түр-түс атаулары бүгінгі таңда маңызды тақырыптың біріне айналып отыр. Түр-түс атауларын әдебиет шығармаларындағы кейбір қолданыс ерекшеліктерін қарастыруға мән бердік.

Қазақ тіліндегі жалпы түр-түс ұғымына қатысты атаулардың саны мыңнан асып жығылады екен. Олардың ішінде өз тұлғасымен берілетін түр-түс атаулары ақ, боз, сұр, қара, ала, ал-қызыл, сары, көк, жасыл, қоңыр, кер, құба, құла, торы, күрең, жирен, күлгін, шабдар, барқын, баран, қызғылт, көгілдір, көкше, сарғылт, ақша, ақшыл, зеңгір, бурыл, сұрғылт, көкшіл, сұрқай, қоңырқай, және т.б., қырыққа жуық. Түр-түстік мағына білдіретін сөздер: шымқай, қырмызы, шұбар, қожалақ, тұм, шикіл, қошқыл, сепкіл, тарғыл, қылаң, жолақ, сағал, таңдақ, далаптай, анардай, аршыған жұмыртқадай және т.б.

Түр-түстің символдық мәні туралы академик Әлкей Марғұлан: «Көк тұс көкке табынудың, аспанның символы, қызыл оттың, қара –жердің, жасыл көктемнің, жастықтың символы»-деп жазды. Басқа халықтар секілді қазақ халқы үшін де әлем екі түске –ақ пен қараға бөлінген. Ақ түс барлық жақсылықпен, жақсы қасиеттерді білдірсе, қара түс қайғы қасіреттің және жамандық түсінігіне ие. Қазақ халқының мақал мәтелдерін мысалға келтіретін болсақ: Ақ пен қараны пейіл айырар. Ақ пейілдің аты арып, тоны тозбайды. Ақтың отын ақымақ өшіре алмайды. Қара күн басыңа тумай, қара су кешпе. Аққа құдай жақ. Бұл түсінік халық арасында терең ұялап, оның тілі мен ділінде, ойлау жүйесінде, тұрмыс-тіршілігінде орын алған. Барша түркі тілінде «көк» сөзі мейлінше кең мағынада қолданылады және сол мағыналарын қай-қайсысы да киелі мәнге ие [2].

1.Көк-аспан мағынасын білдіретін сөз. Түркі халықтары үшін аспан Тәңірінің тұрағы. Сандықтан да тілек тілегендей қолды көкке жайып тәу ете жалбарынады, билегенде қол көтеріп көкті көкті аялап табынып қимыл жасайды.

2.Көк түсті, реңді білдіретін сөз. Сонымен бірге Тәңірінің ықыласы түскен киелі түс болып есептеледі. Негізінен түркі халқы ежелден шығысты көк түспен белгілесе, батысты ақ, солтүстікті-қара, оңтүстікті қызыл түспен белгіленген.

3. Көк-Тәңірі сөзінің болмысы. Тәңірі-дүние-тіршілік атауының жаратушы құдыреттің иесі. Сондай-ақ айбындылық пен сес көрсету мәнінде де жұмсалған. Сол себепті қазақ қарғағанда «көк соқыр» дейді [7].

Қазақ халқы қара сөзінің мағынасына қатысты, түстік, белгісіздік, қайғы-уайым, қатыгездік, киелілік, қарапайымдылық сияқты қасиеттерді табуға болады. Бұл мағыналар қара сөзінің ұғымдық нышандық, яғни таңбалық белгісін де білдіреді. Қара сөзінің мағынасы-«ақтың қарама-қарсы түрі». Қара сөзінің ауыспалы мағынасы өте көп: қара, қара тұту, қара жамылу, қара ту, қара тігу, қараны жығу, қаралы көш, қара қазан, қара шаңырақ, қара шымылдық, қара жаулық, қара ниет, қара жүрек т.б.

Қара сөзінің ендігі бір символдық мағынасы-шыдамдылық, төзімділік. Мұнда қара

заттың түсін білдіретін негізгі мағынасынан әлдеқайда кең ұғымда жұмсалған. Яғни қара шаңырақ –байырғы үй, баспананың бастапқы халпы қалпы деген сөз. Қара тарау, қара халық, қара сөз, қара жол деген сөзден тек түсті ғана білдіріп тұрмағандығы түсінікті: ежелгі тау, негізгі халық, бастапқы сөз, басты жол деген ұғым береді.

Қара түсімен байланысты туатын мағыналар мынадай болып келеді:

-жамандықтың белгісі (қара тізім, қара қағаз, қара ту және т.б.)

-жауыздық,қатыгездіктің белгісі (қара жау, қара ниет, қарабет, қара көңіл)

-алқашқы, бастапқы белгісі (қара өлең, қара шаңырақ, қара су, қара тау)

-киелі, қасиеттіліктің белгісі (қара шаңырақ, қара жер)

-қарапайымдылық белгісі (қара қазақ, қара бұқара)

-қайғы-мұңның белгісі (қара күн, қара қайғы, қара уайым, қара түн және т.б.).

Осы ұғымдардың қай-қайсысы болмасын, қаламгер тілінде белгілі бір қимыл-әрекетті, үдерісті сипаттауда өте шеберлікпен қолданылған [6].

Зерттеушілер «ақ» түс атауының шығу төркінін дәл басып айтудың қиындығын «ақ» сөзінің көнелігімен байланыстырады. Ақ түс көп жағдайда жарық, қауіпсіздік пен тазалықты білдіреді. Сондай-ақ бұл түс ізгілік, пәктік пен мінсіздік сияқты қасиеттермен байланыстырылады. Киелі кітапта ақ түс өте көп қолданылған. Мысалы, аяндарда әділдік пен рухани тазалыққа баса назар аудару үшін ақ киім киген адамдар мен періштелер көрсетілген . Ал аппақ, таза зығырдан киім киген адамдардың ақ боз аттарға мінгендері әділ соғысты білдіреді (Аян 19:14). Құдай күнәларды кешіруге дайын екеніне айрықша мән беру үшін ақ түсті қолданып, былай дейді: “Күнәларың ал қызыл болса да, рақым етіп, сендерді қардай аппақ қылмақпын.

Түр атаулары мүлдем түр-түске қатысы жоқ, не одан бүгінде тым алыстап кеткен ұғым-түсініктерді, мән-мағыналарды, жөн-жосықтарды білдіретін де қасиеттерге ие. Қорыта айтсақ, жеке адам үшін мән-маңызы зор түр-түс атаулары қоғам үшін де аса маңызды. Қазақ тілінің байлығын, көркемдігін ашып көрсететін сөздер тобының бірі-түр-түс атаулары-тіліміздің бай қазынасы. Түр-түс атауларының басым көпшілігі түркі тілдеріне көне замандардан келе жатқан ортақ дүние екендігі зерттелу тарихында да белгілі [5].

Түр-түс тану сәулеттік өнердегі ең басты пән, ол ой-қабілетін қалыптастырып эстетикалық талғамын, кәсіптілік шеберлігін нығайтады. Сәулеттік өнердегі ғылыми көзқарасын студенттің қабылдаған білімінің синтезін нығайтады. Түстану жалпы теориялық және практикалық сәулет өнерінің аспектісі және негізгі болып есептелінеді. Түстану пәні оқу бағдараламасында ерекше орын алады. Түстану өнер ғана емес, ол ғылым. Сәулет өнері әлемнің құрылыс саласымен тығыз байланысып, графика тілімен сәулетші қоршаған ортаға эстетикалық баға беріп, кәсіптік талғаммын жетілдіреді. Сонымен қатар әрқашан ойлау қабілетіне, санасына, елесіне және қиялына ықпал етеді. Түр-түс тануды арнайы ғылым ретінде қарастырып, бүгінгі қоғам өмірі мен өндіріс саласындағы түр-түс атауларының қолданысын бабалардан бізге жеткен асыл мұрамызды тек түр-түс атаулары ретінде ғана, емес көне заман түстерін ашу олардың химиялық қоспаларын табу келер ұрпақ біз-жастардың алдына қойылып отырған сын және маңызды мәселесі деп білеміз. Бізді қоршаған табиғи орта ғажайып көркемдігімен көз тартып, көңіл күйімізге әсер етеді. Ондағы түр мен түстер адам психологиясына ықпал етіп, еңбекке қабілеттілікті, шығармашылықты арттырады. Колористика ғылымы 1 млн-ға жуық түр мен түс бар екенін анықтап отыр. Табиғи ортаның сұлулығы, алуан түсті реңі мен олардың өзіне тән сырсипаты адамдарды әркез қызық тырып, түстерді зерттеу тарихында табиғат пен қоғам өміріндегі әр түрлі құбылыстар сырына әуес еткен. Табиғатта болып жататын құбылыстардың өзара байланысымен ортақ қасиет, зандылықтары да таным процесі негізінде сөз болады. Айталық, бір түстің өзінің әр ел мен әрбір адамға әсер етуі түрліше болады екен. Оған мынадай мысалдар арқылы жақсы көз жеткізуге болады: Еуропада қара түсті қайғы-қасіреттің белгісі деп санаса, Қытай мен Жапонияда ол қуаныштың белгісі. Еуропа елдерінде жасыл түс бейбіт өмірдің белгісі деп саналады. Түстердің табиғаты мен практикалық қажеттілігі әркез ғалымдар назарын аударып,

түр-түс тану ғылымының дүниеге келуіне ықпал жасады. Түр-түстану ғылымына елеулі еңбек сіңірген Ньютон, Ломоносов, Вернер, Менсель, Рабкин секілді ғалымдардың көптеген атлас, альбом мен өлшем шкалаларын жасап, пайдаланғаны туралы кең мағлұматтар беріліп, социологиялық зерттеулер жүргізілді. Олардың өнегелі өмірлері де тартымды штрихтармен кез келген оқырманды қызықтырары сөзсіз. Түстердің физиологиялық негізі, түрлі түстерді тұрмыс пен өндірісте қолдану, түстерді көздің көріп қабылдау қызметі, факторлары бүгінде өзекті мәселе болып отыр. Түр-түстің адам өмірі мен еңбек процесі кезіндегі психологиялық жағдайына әсер-ықпалы да түрлі ғылыми зерттеулер негізінде жаңа қырынан қарастырылуда.

Табиғаттағы неше алуан түр-түстер мен олардың реңктерін адам баласы екі түрлі жолмен танып, біле алады екен. Олардың бірі – ғылыми жол да, екіншісі – халықтық дәстүр, тәжірибе. Түр-түс әлемін ғылыми жолмен тану осы құбылысты зерттеуге қатысты ғылым салаларының (колориметрия, физика, физиология, психология т.б.) дамуына байланысты болса, дәстүрлік тану белгілі бір қауымның ұзақ дәуір бойындағы өмір тәжірибесіне сүйенеді [3].

Түр-түс табиғатын әрбір халық, әрбір этностық топ өзінше танып, өзінше анықтап, өз тілінде ат қояды. Ғылым мен техниканың қарыштап дамуы – әрине кейінгі дәуірлердің жемісі. Сондықтан да біздің бабаларымыз колориметрия, физика, химия, оптика, физиология ғылымдарынан еш хабары болмаған сонау көне заманның өзінде-ақ көптеген түр-түсті анықтай білген, олардың әрқайсысын түстеп танып, ат қойып қолданып келген. Біршама түр-түс атауларын тас мүсіндерге сыналап жазған V-VIII ғасырлардағы орхон-енисей ескерткіштерінен, көне ұйғыр, манихей, брахма, араб жазуларымен жазылған бай тарихи-әдеби мұраларымыздан көптеп кездестіреміз. Физика саласындағы ғалымдар түр-түстің энергетикалық табиғаты қызықтырады, физиологтар болса, адам көзінің түр-түсті қабылдау үдерісін зерттейді, психологтар түр-түс адамның психологиясына қалай әсер етеді, қандай эмоция туғызады деген мәселелерді қарастырады, гуманитарлық салаларда (көркем әдебиет пен көркем өнерде) түр-түстің эстетикалық қызметіне көңіл бөлінеді.

Түстік қатынастармен жұмыс істеу және түтас көру қабілетін кәсіби деңгейде дамыту, заттың түсін және жарықтық көлеңке шектерін жақсы ажырату, сауатты бейнелеу, көлемдік кеңістік және құралдық сапаларының көрініу табиғатын көзге көрінетін бейнелердің түстік қатынастарын бояу палитрасының аймағының пропорционалды ауысу әдістерінің негізін түсіну. Түстік қатынастардың құрылуы жалпы реңдік және түстегі жарықтық жарықтық спектрлік құрамын білу, түсті қолдана білудегі негізгі заңдылығы қарым-қатынаспен жұмыс істеу әдісін білу кәсіби қабілетін дамыту болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Кононов А.Н. Семантика цветообозначений в тюрских языках. М.: Наука, 1985, 302 с.
2. Марғұлан Ә. Ежелгі әдебиет куәлары. Алматы, Рауан, 1966, 220 б.
3. Қабдолов З. Екі томдық таңдамалы шығармалары. 2-т. Алматы: Жазушы, 1983, 208 б.
4. Күрделі жер-су атауларындағы түр-түс ұғымдары // «Жаңа ғасырдағы тілдік кеңістігі және әлемдік лингвистиканың өзекті мәселелері» Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. I бөлім. Алматы: Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты,2008, Б. 114-116
5. Күрделі атаулардағы ұлттық дүниетанымның тілдік негіздері «Тілтаным». №1 (29) А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты. Алматы: Жазушы, 2007, 34 б.
6. Б.Р.Хасенов, А.С.Әділова. Түр-түс атауларының шығу туралы. Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті. 2008, Б. 201-204.
7. Қазақстан энциклопедиясы, VII-том. Алматы: Рауан, 1990, 205 б.

Аннотация

В данной статье речь идет о национальных убеждениях названий, относящихся к понятию

общего вида-цвета на казахском языке. В их числе цветовые названия, присваиваемые своей личностью, белые, бледные, серые, черные, алые, красные, желтые, синие, зеленые, коричневые, бурые, сетки, бордовые, рыжие, фиолетовые, сенокосы, бараны, розовые, голубые, бежевые, белые, голубые, бурые, серые, серые, коричневые и т. д., около сорока. Вид-цвет природы каждый народ, каждая этническая группа по-своему распознает, определяет по-своему, ставит им на своем языке. Стремительное развитие науки и техники – конечно, плоды последующих эпох. Поэтому наши предки знали и использовали колориметрию, физику, химию, оптику, физиологиию еще в древние времена могли определить цвет и психологическое значение.

Abstract

This article deals with the national beliefs of names related to the concept of a common type-color in the Kazakh language. They include color names assigned by their personality, white, pale, gray, black, scarlet, red, yellow, blue, green, brown, brown, mesh, maroon, red, purple, hay, sheep, pink, blue, beige, white, blue, brown, gray, gray, brown, etc., about forty. Each nation, each ethnic group recognizes the color of nature in its own way, defines it in its own way, puts it in its own language. The rapid development of science and technology – of course, the fruits of subsequent eras. Therefore, our ancestors knew and used colorimetry, physics, chemistry, optics, physiology, and even in ancient times could determine the color and psychological meaning.

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ, ӨМІР ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМДАР
ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ, НАУКИ О ЖИЗНИ
NATURAL SCIENCES, LIFE SCIENCES

ӘОЖ 517.9 (075.8)

А.О. Байдибекова
п.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

КЕЙБІР РАЦИОНАЛ ЖӘНЕ ИРРАЦИОНАЛ ӨРНЕКТЕРДІ ИНТЕГРАЛДАУ

Түйін

Рационал және ирроционал функциялардың интегралдарын белгілі әдіспен шекті түрде кескіндеуге, яғни бұл шектің шешімін әруақытта түгелдей аяғына дейін жеткізуге болады. Ал рационал емес функциялардың интегралдары, жалпы алғанда, шекті түрде алынбауыда мүмкін. Сондықтан, мұндай функцияларды интералдаудың жалпы әдісін бере алмаймыз. Сонымен қатар иррационал және трансцендент функциялардың ішінде интегралдарды шекті түрде кескінделетін, практикада көп кездесетін қарапайым түрлері аз емес және оларды интегралдау әдістерінің көптеген тапқырлықты керек қылатын үйренерлік маңызы бар. Осы себептерден біз бұл мақалада көрсетілген функциялардың кейбір маңызды кластарын интегралдауды қарастырмақшымыз. Жалпы алғанда, рационал және иррационал функцияларды интегралдау әдісі мынада: мұндай функциялардың интегралын, айнымалыны алмастырып түрлендіру немесе бөліктеп интегралдау арқылы, рационал функцияның интералына келтіруге, яғни интегралды рационалдауға тырысады. Егер берілген интеграл рационалданса есепті негізінде шешілді деп қарастыруға болады, себебі рационал функцияның интегралын есептеуге болады. Бұл мақалада теориялық қағидалар дәлелдемесімен келтіріліп және оны жақсы меңгеруге жәрдемдесетін мысалдар мен жаттығулар толық түсіндірмесімен шығарылған.

Кілттік сөздер: бөліктеп интегралдау, тікелей интегралдау, кесте қоры, айнымалыны алмастыру әдісі, түбірден құтылу, ауыстырмасы, рационалдандыру, анықталмаған коэффициенттер әдісі.

Кіріспе

Берілген интегралды интегралдау әдістері интеграл астындағы функцияның берілуіне және интегралдар кестесінің қорына байланысты бірнеше түрге бөлінеді: 1) тікелей интегралдау; 2) айнымалыларды ауыстыру арқылы интегралдау; 3) бөліктеп интегралдау. Осы тәсілдердің әрқайсысына жеке-жеке тоқталайық.

1.Тікелей интегралдау. Көптеген функцияларды анықталма-ған интегралдың қасиеттері мен интегралдар кестесіне сүйеніп тікелей интегралдауға болады. Тікелей интегралдау тәсіліне бірнеше мысалдар келтірейік.

1-мысал. $\int \frac{dx}{x^2\left(3+x^2\right)}$ интегралын есептеу керек.

Шешу. Әуелі интегралды 3-ке көбейтеміз де бөлеміз, сонан кейін алымына x^2-ты қосамыз да аламыз. Сонда нәтиже мынадай болады:

$$\int \frac{dx}{x^2\left(3+x^2\right)} = \frac{1}{3}\int \frac{3}{x^2\left(3+x^2\right)}dx = \frac{1}{3}\int \frac{3+x^2-x^2}{x^2\left(3+x^2\right)}dx.$$

Соңғы интегралды екі интегралдың айырымы түріне келтіріп аламыз да, сонан кейін формулалардың жәрдемімен интегралдасақ,

$$\int \frac{dx}{x^2\left(3+x^2\right)} = \frac{1}{3}\int \frac{dx}{x^2} - \frac{1}{3}\int \frac{dx}{3+x^2} = \frac{1}{3}\int x^{-2}dx - \frac{1}{3}\int \frac{dx}{3+x^2} = -\frac{1}{3x} -$$

$$-\frac{1}{3\sqrt{3}}arctg\frac{x}{\sqrt{3}} + c \text{ болады.}$$

2-мысал. $\int \frac{9-x}{3+\sqrt{x}}dx$ интегралын есептеп шығару керек.

Шешу. $9-x = \left(3+\sqrt{x}\right)\left(3-\sqrt{x}\right)$ болатынын ескеріп, 4^0 және 5^0 қасиет-терді және III формуланы қолдансақ, мынадай нәтижеге келеміз:

$$\int \frac{9-x}{3+\sqrt{x}}dx = \int \frac{\left(3+\sqrt{x}\right)\left(3-\sqrt{x}\right)}{3+\sqrt{x}}dx = \int \left(3-\sqrt{x}\right)dx = 3\int dx - \int x^{1/2}dx =$$

$$3x - \frac{2}{3}x\sqrt{x} + c\,.$$

3-мысал. $\int \frac{x^2-3}{1+x^2}dx$ интегралын есептеп шығару керек.

Шешу. Рационал бөлшек $\frac{x^2-3}{1+x^2}$-ның бүтін бөлігін бөліп шығарамыз, яғни: $\frac{x^2-3}{1+x^2} = \frac{\left(x^2+1\right)-4}{1+x^2} = 1 - \frac{4}{1+x^2}$.

5^0 қасиет пен III, XV формулаларды қолдансақ, мынаны табамыз:

$$\int \frac{x^2-3}{1+x^2}dx = \int\left(1-\frac{4}{1+x^2}\right)dx = \int dx - 4\int \frac{dx}{1+x^2} = x - 4arctgx + c\,.$$

Айнымалыны алмастыру формуласын қолданып, анықталмаған интегралды екінші жеңілірек есептелетін интегралға келтіруді **айнымалыны алмастыру әдісі** дейді. Мұндағы $x = \varphi(t)$ функциясын таңдап алудың ешқандай жалпы ережесі жоқ. Мәселенің қиындығы да осында. Бірақ интегралданатын функциялардың (анықталмаған интегралы бар болатын функциялар) кейбір кластары үшін мұндай таңдауды қалай жасау керек екеніне практикада жаттығуға болады.

Ауыстырма әдісінің қолданылуына бірнеше мысал қарастырайық [1].

4-мысал. $\int \frac{e^x-1}{e^x+1}dx$ интегралын табу керек.

$$\int \frac{e^x-1}{e^x+1}dx = \left|\begin{matrix} t = e^x \Rightarrow x = \ln t, \\ dx = \frac{dt}{t} \end{matrix}\right| = \int \frac{t-1}{t+1}\cdot\frac{dt}{t} = \int \frac{2t-\left(t+1\right)}{\left(t+1\right)t}dt = 2\int \frac{dt}{t+1} - \int \frac{dt}{t} =$$

$$= 2\ln\left(1+t\right) - \ln t + c = 2\ln\left(1+e^x\right) - x + c.$$

5-мысал. $\int \sqrt{e^x-1}dx$ интегралын есептеп шығару керек.

Шешу. Түбірден құтылу үшін $t=\sqrt{e^x-1}$ $t=\sqrt{e^x-1}$ деп белгілейміз, сонда $e^x=t^2+1$ демек, $x=\ln\left(t^2+1\right)$, $dx=\dfrac{2tdt}{1+t^2}$ болады. Бұл ауыстырманы қолдану нәтижесінде мынау шығады [2]:

$$\int\sqrt{e^x-1}dx=\int t\cdot\frac{2tdt}{1+t^2}=2\int\frac{t^2dt}{1+t^2}=\frac{\left(t^2+1\right)-1}{1+t^2}dt=2\int dt-2\int\frac{dt}{1+t^2}=$$

$$=2t-2arctgt+c=2\sqrt{e^x-1}-3arctg\sqrt{e^x-1}+c$$

6-мысал. $\int\dfrac{xdx}{\sqrt[3]{x-2}}$ интегралын есептеп шығару керек.

Шешу. Ауыстырма $t=\sqrt[3]{x-2}$ болады да, онан $x=t^3+2$, $dx=3t^2dt$. Демек,

$$\int\frac{xdx}{\sqrt[3]{x-2}}=\int\frac{t^3+2}{t}\cdot3t^2dt=3\int\left(t^4+2t\right)dt=\frac{3}{5}t^5+t^2+c=\frac{3}{5}\sqrt[3]{\left(x-2\right)^2}+c.$$

Ескертпе. Жеке жағдайларда алдын ала жүргізілген қарапайым түрлендіруден кейін берілген интегралды қандай ауыстырма кестелік түрге келтіретіні анық болса, интегралдаудың өзін жаңа айнымалыны (жаңа әріпті) формалды түрде енгізбей-ақ жүргізген жөн. Бұл жағдайларда ауыстырма ауызша, ойда енгізіледі де, ал оның өзі артық жазудан құтқарып, интегралдауды тездетеді.

2. Рационал бөлшектерді интегралдау. $R(x)=\dfrac{P(x)}{Q(x)}$, мұндағы $P(x)$, $Q(x)$ коэффициенттері нақты болып келген көпмүшеліктер. Осы рационал өрнегін интегралдау үшін бірінен соң бірі орындалатын үш қадам жасалынады.

Бірінші қадам. Егер $R(x)$ бөлшегі бұрыс бөлшек, яғни $P(x)$ көпмүшелігінің дәреже көрсеткіші бөлімінің көрсеткішінен артық не тең болса, онда $P(x)$ көпмүшелігін $Q(x)$ көпмүшелігіне бөлу арқылы $\dfrac{P(x)}{Q(x)}$ бөлшегінің бүтін бөлігі ажыратылады. Сонда берілген рационал бөлшекті оның бүтін бөлігі $M(x)$ және $\dfrac{P_1(x)}{Q(x)}$ дұрыс бөлшегінің қосындысы түрінде жазуға болады [7]:

$$\frac{P(x)}{Q(x)}=M(x)+\frac{P_1(x)}{Q(x)}$$

Екінші қадам. $\dfrac{P_1(x)}{Q(x)}$ дұрыс бөлшегі қарапайым бөлшектерге жіктелінеді. Ол үшін $Q(x)$ көпмүшелігінің түбірлері табылып оны нақты коэффициентті бірінші және екінші дәрежелі көбейткіштерге жіктейміз:

$$Q(x)=(x-a)^u\cdot(x-b)^l\cdot\ldots\cdot\left(x^2+px+q\right)^m\cdot\left(x^2+2x+5\right)^n \qquad (3)$$

Бөлшектің бөлімі $Q(x)$ көпмүшелігінің бұл жіктелуіндегі бірінші дәрежелі көбейткіштер көпмүшеліктің нақты түбірлеріне, ал екінші дәрежелі көбейткіштер оның түйіндес жорамал түбірлері жұбына сәйкес келеді. $Q(x)$ көрмүшелігіндегі x-тың ең үлкен дәреженің коэффициенті бірге тең деп есептелінеді. Егер ондай болмаған жағдайда $P(x)$ және $Q(x)$ көпмүшеліктерін ол коэффициентке бөліп жібереді.

Осындай түрлендірулер жүргізілгеннен дұрыс бөлшек мынадай формула бойынша қарапайым бөлшектерге жіктеледі [3].

$$\frac{P_1(x)}{Q(x)}=\frac{A_1}{x-a}+\frac{A_1}{(x-a)^2}+\ldots+\frac{A_k}{(x-a)^k}+\frac{B_1}{x-b}+\frac{B_2}{(x-b)^2}+\ldots+\frac{B_e}{(x-b)^e}+$$
$$\ldots+\frac{M_1x+N_1}{x^2+px+q}+\frac{M_2x+N_2}{(x^2+px+q)^2}+\ldots+\frac{M_mx+N_m}{(x^2+px+q)^m}. \qquad (4)$$

мұндағы $A_1, A_2, \ldots M_1, N_1, \ldots$ анықталмаған белгісіз коэффициенттер. Олардың кейбіреулері нөлге тең болып қалуы да мүмкін. Анықталмаған коэффициенттерді табу үшін барлық қарапайым бөлшектер $Q(x)$ ортақ бөліміне келтіріледі де (4) теңдігінің екі жағының алымдарын теңестіреді. Одан соң теңдіктің оң жағы мен сол жағындағы бірдей дәрежелі x-тің коэффициенттері теңестіріліп теңдеулер жүйесі құрылады. Осы теңдеулер жүйесін шешу арқылы біз іздеп отырған коэффициенттерді табамыз.

Үшінші қадам. Берілген бөлшектің бүтін бөлігі және қарапайым бөлшектерін барлығының интегралдары есептелініп, олардың қосындысы табылады. Сонымен рационал бөлшектерді интегралдау көпмүшеліктердің және қарапайым бөлшектердің интегралдарын табуға келіп тіреледі екен.

І-жағдай. Бөлшектің бөлімінің әр түрлі нақты түбірлері бар, яғни көпмүшелік қайталанбайтын бірінші дәрежелі көбейткіштердің көбейтіндісі түрінде жіктеледі.

Жіктеу коэффициенттерін анықтаудың жоғарыда келтірілген әдісі **анықталмаған коэффициенттер әдісі** деп аталады. Оның мағынасы былай: егер бөлшекті жай бөлшектерге жіктеудің түрі белгілі, бірақ коэффициенттердің өздері белгісіз болса, әуелі олардың орынына әріптік коэффициенттерді жазамыз да, сонан кейін сызықтың теңдеулер жүйесінен олардың сандық мәндерін анықтаймыз.

Кейбір иррационал функцияны интегралдау талап етілсе, кейде сәтті таңдап алынған ауыстырманың жәрдемімен ол интегралды рационал фукнцияның интегралы түріне келтіруге, сөйтіп берілген иррационалдықтың ақырлы түрде интегралдануы жөніндегі мәселені шешуге болады. Интегралды бұлайша түрлендіруді ***рационалдандыру*** деп атайды.

Кейбір қарапайым алгебралық иррационалдықты интегралдауға тоқталайық.

I. $\int R\left(x, x^{\alpha}, x^{\beta}, \ldots\right)dx$ **типіндегі интеграл.** Мұнда $\alpha, \beta, \ldots$- рационал сандар, R символы бұл жерде және алға қарай жақша ішіндегі шамаларға қолданылатын тек рационал амалдарды (қосу, алу, көбейту, тұрақты көбейткіштерге көбейту және бөлу) бейнелейді. Берілген типтегі интегралдарды рационалдандыру $x=t^S$ (s шамасы – бөлшектер $\alpha, \beta, \ldots$-лардың ортақ бөлімі) ауыстырмасы-ның жәрдемімен іске асырылады [4].

1-мысал. Интегралдарды есептеу керек.

1) $\int \frac{\sqrt{x}}{x-\sqrt[3]{x^2}}dx$; 2) $\int \frac{\sqrt{x}+\sqrt[3]{x}}{\sqrt[4]{x^5}-\sqrt[6]{x^7}}dx$; 3) $\int \frac{x+\sqrt[3]{x^2}+\sqrt[6]{x}}{x\left(1+\sqrt[3]{x}\right)}dx$

Шешу: 1) Интеграл таңбасы астындағы функцияда x айнымалысы 2 және 3-ші дәрежелі

түбір астында болып тұр. Түбір көрсеткішінің ең кіші ортақ еселігі 6, сондықтан алмастыруын $x=t^6$, $dx=6t^5dt$ жасаймыз [5], сонда

$$\int\frac{\sqrt{x}}{x-\sqrt[3]{x^2}}dt=\int\frac{t^3}{t^6-t^4}\cdot 6t^5dt=6\int\frac{t^4}{t^2-1}dt=6\int\frac{t^4+1-1}{t^2-1}dt=$$

$$6\int\left(t^2+1\right)dt+6\int\frac{dt}{(t-1)(t+1)}=2t^3+6t+3\int\frac{(t+1)-(t-1)}{(t-1)(t+1)}dt=$$

$$2t^3+6t+3\ln|t-1|-3\ln|t+1|+C=2t^3+6t+3\ln\frac{|t-1|}{|t+1|}+C=$$

$$2\sqrt{x}+6\sqrt[6]{x}+3\ln\left|\frac{\sqrt[6]{x}-1}{\sqrt[6]{x}+1}\right|+C;$$

2) x-тің бөлшек дәреже көрсеткіштері бөлімдерінің ең кіші ортақ еселігі 12-ге тең болғандықтан $x=t^{12}$ деп ұйғарсақ, $dx=t^{11}dt$ dt болады. x пен dx-тің бұл мәндерін орындарына қойсақ,

$$\int\frac{\sqrt{x}+\sqrt[3]{x}}{\sqrt[4]{x^5}-\sqrt[6]{x^7}}dx=6\int\frac{t^6+t^4}{t^{15}-t^{14}}\cdot 12t"dt=12\int\left(t^2+t+2+\frac{2}{t-1}\right)dt=$$

$=4t^3+6t^2+24t+\ln|t-1|+C=4\sqrt[4]{x}+6\sqrt[6]{x}+24\sqrt[12]{x}+24\ln\left|\sqrt[12]{x}-1\right|+C$ болып шығады.

3) Мұндағы бөлшек дәреже көрсеткіштерінің ең кіші ортақ еселігі 6, демек, $x=t^6$, онан $dx=6t^5dt$ болады [6]. Сонда

$$\int\frac{x+\sqrt[3]{x^2}+\sqrt[6]{x}}{x\left(1+\sqrt[3]{x}\right)}dx=6\int\frac{\left(t^6+t^4+t\right)t^5}{t^6\left(1+t^2\right)}dt=6\int\frac{t^5+t^3+1}{1+t^2}dt=6\int t^3dt+$$

$$+6\int\frac{dt}{1+t^2}=\frac{3}{2}t^4+6arctgt+C=\frac{3}{2}x^{\frac{2}{3}}+6arctg\sqrt[6]{x}+C.$$

Қорытынды

Интегралдың кейбір түрлерін шығару үшін ауыстырмаларды қалайша таңдап алу жөнінде жоғарыда берілген біраз нұсқауларды әрқашанда барлығына бірдей ортақ деп қарамау керек.Әдетте бірнеше ауыстырмалар қолдану нәтижесінде ғана шығатын интегралдар жиі кездеседі. Демек, ондай есептерді тез және қарапайым түрде шығару үшін қандай ауыстырмалар қолдану шығарушының шеберлігінің мазмұны болады. Сөз жоқ, ол шеберлік тек үлкен тәжірибенің нәтижесінде ғана пайда болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қаратаев Ж.,Оразов И.О.Математикалық талдау (Талдауға кіріспе). Шымкент, ОҚМУ, 2012,308 б.
2. Кручкович Г.И.и др. Сборник задач по курсу высшей математики. Москва, «Высшая школа», 1973, 574 с.
3. Қаратаев Ж., Әшірбаев Н.Қ., Сұлтанбек Т.Н. Математикалық талдау. Шымкент, ОҚМУ, 2008, 208 б.
4. Виленкин Н.Я. и др.Задачник по курсу математического анализа. Ч.II. Москва: «Просвещение», 1974, 335 с.

5. Байдибекова А.О. Математика пәнінен практикалық сабақтарға есептер жинағы 1. Шымкет, ОҚМУ, 2020, 172 б.
6. Байдибекова А.О. Математика 2. Шымкент: ОҚМУ, 2016, 168 б.
7. Байдибекова А.О. Математика 3. Шымкент: ОҚМУ, 2017, 185 б.

Аннотация

Интеграл рациональных и ирроциональных функций может быть ограниченно изображен определенным способом, то есть решение этого предела всегда может быть доведено до полного конца. А интегралы нерациональных функций, в целом, могут быть ограничены. Поэтому мы не можем дать общий метод интерпретации таких функций. Кроме того, иррациональные и трансцендентские функции имеют научное значение, в котором ограниченно изображены интегралы, существует немало простейших форм, часто встречающихся на практике, и способ их интегрирования требует множества изобретательств. По этим причинам мы планируем рассмотреть интеграцию некоторых важных классов функций, указанных в данной статье.

Abstract

The integral of rational and irrational functions can be limitedly depicted in a certain way, that is, the solution of this limit can always be brought to its full end. And the integrals of irrational functions, in general, can be limited. Therefore, we cannot give a general method for interpreting such functions. In addition, irrational and transcendental functions are of scientific importance, in which integrals are limitedly represented, there are many simple forms that are often found in practice, and the method of their integration requires many inventions. For these reasons, we plan to consider the integration of some important classes of functions specified in this article.

ӘӨЖ: 512.13

Т.С. Сұлтанбек, А.Е. Бекен

ф.-м.ғ.к. доцент, М.О. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

магистрант, М.О. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУЫН ТЕҢСІЗДІКТЕРДІ ШЕШУ АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ

Түйін

Бүгінгі күннің талапкеріне қоғамға бейімделу мен әлеуметтік мобильділікті қамтамасыз үшін ойлаудың икемділігі, ақыл іс-тәжірибиесін іске асыру қабілеттілігі, зерттеу іс-әрекетін жүргізу дағдысы мен іскерлігі қажет. Логикалық ойлауды дамыту дегеніміз ойлау операциялары – талдау, жинақтау, салыстыру, жалпылау, саралауды жүйелі түрде қалыптастыру, сонымен қатар, ойлау белсенділігін, өз беттілігін дамыту болып табылады. Теңсіздікті шешу – оның барлық шешімдерін табу немесе шешімі жоқ екенін дәлелдеу. Теңсіздіктерді дәлелдеу білімалушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытуға ықпал етуші математиканың бірден-бір негізгі оқу материалы болып саналады. Мақалада мектепте білімалушылардың теңсіздіктерді шешу арқылы логикалық ойлауын дамыту мәселелері қарастырылған. Сонымен қатар, логикалық ойлауды дамытуға арналған теңсіздікке берілген есептерді шешудің тиімді әдіс-тәсілдері келтірілген.

Кілттік сөздер: логикалық ойлау, ойлау қабілеті, шешім, теңсіздік, санды теңсіздік, теңсіздіктің қасиеттері, тиімді әдіс-тәсілдер.

Білімалушылардың математикалық мәдениетін тәрбиелеу – мектепте математикалық білім берудің негізгі мақсаттарының бірі. Алайда бұл тек қана білімалушыларға белгілі көлемдегі математикалық білімдерді беру және нақты біліктері мен дағдыларын

қалыптастыру деген сөз емес. Бұл дегеніміз, ең алдымен, білімалушылардың ойлау қабілетін дамыту, оларды математикалық іс-әрекеттердің әдіс-тәсілдеріне үйрету, тұлғаның математикаға тұрақты қызығушылығын, адамгершілік және эстетикалық қасиеттерін тәрбиелеу [1]. Білімалушылардың математикалық дайындығының жоғарғы дәрежесіне жетуге мүмкіндік жасайтын құралдардың бірі – олардың математикалық есептерді шығарудағы тиімді іс-әрекеттері болып табылады. Негізгі рольді алгебра саласындағы ойлау іс-әрекетінің теңсіздіктердің мазмұнын жете түсінуді қамтамасыз ететін есептер атқарады.

Теңсіздіктер есептерін шешу процесінде мұғалім білім алушылардың алгоритмдік мәдениетінің элементтерін ұтымды қалыптастыра алады. Теңсіздік есептері, тіпті олардың ең қарапайым есебінің өзі негізгі геометриялық фигура туралы теориялық мәліметтерді терең тануға мүмкіндік береді.

Егер a және b сан (немесе санды өрнектер) болса, онда $a<b;\ a\le b;\ a>b;\ a\ge b$ теңсіздіктері санды теңсіздіктер деп аталады [2].

Теңсіздікті тура санды теңсіздікке айналдыратын айнымалының мәні теңсіздіктің шешімі деп аталады.

Теңсіздікті шешу – оның барлық шешімдерін табу немесе шешімі жоқ екенін дәлелдеу.

Шешімдерінің жиыны бірдей теңсіздіктер мәндес теңсіздіктер деп аталады. Шешімдері жоқ теңсіздіктер де мәндес болады.

Егер бірінші теңсіздіктің кез келген шешімі екінші теңсіздіктің де шешімі болса, онда екінші теңсіздікті бірінші теңсіздіктің салдары деп атайды да, $f_1(x)<g_1(x)\Rightarrow f_2(x)<g_2(x)$ түрінде жазады. Теңсіздіктен оның салдарына өткенде бөгде шешімдер пайда болуы мүмкін [3]. Сондықтан, егер шешу барысында теңсіздіктен оның салдарына өту керек болса, онда шешу процесінің соңында алынған сандар жиынының бастапқы теңсіздіктің шешімін теріп алуға мүмкіндік беретін зерттеу жүргізу керек. Теңсіздікті басқа теңсіздікпен ауыстырғанда бөгде шешімдер көбінесе бастапқы теңсіздіктің анықталу аймағының кеңеюі есебінен болады.

Санды теңсіздіктердің қасиеттері [4-5].

1. $a>b\Leftrightarrow b<a$
2. $a>b$ және $b>c\Leftrightarrow a>c$
3. $a>b\Leftrightarrow a+c>b+c$
4. $a+b>c\Leftrightarrow a-c>-b$
5. $a>b$ және $c>d\Leftrightarrow a+c>b+d$
6. Теңсіздіктің екі жағын бір оң санға көбейтсе, немесе бөлсе, теңсіздік таңбасы сақталады.
7. Теңсіздіктің екі жақ бөлігін бір теріс санға көбейтсе немесе бөлсе, теңсіздіктің таңбасы қарама-қарсы таңбаға өзгереді.
8. $a>b\ge 0$ және $c>d\ge 0\Leftrightarrow a\cdot c>b\cdot d$ (теріс емес сандардан құрылған таңбалары бірдей екі теңсіздікті мүшелеп көбейтуге болады).
9. $a>b>0\Leftrightarrow \frac{1}{a}<\frac{1}{b}$
10. $a>b\ge 0$ және $n\in N$ болса, онда $a>b\Leftrightarrow a^n>b^n$.

Теңсіздіктердің мәндестігі туралы тұжырымдар.

1. $f(x)<g(x)\Leftrightarrow g(x)>f(x)$
2. Егер $f(x)<g(x)$ теңсіздігінің анықталу облысында $\varphi(x)$ функциясының мағынасы бар болса, онда $f(x)<g(x)\Leftrightarrow f(x)+\varphi(x)<g(x)+\varphi(x)$.
3. Егер $f(x)<g(x)$ теңсіздігіндегі анықталу облысындағы барлық x үшін $\varphi(x)>0$ болса, онда $f(x)<g(x)\Leftrightarrow f(x)\cdot\varphi(x)<g(x)\cdot\varphi(x)$

4. Егер $f(x) < g(x)$ теңсіздігінің анықталу облысындағы барлық x үшін $\varphi(x) < 0$ болса, онда $f(x) < g(x) \Leftrightarrow f(x) \cdot \varphi(x) > g(x)\varphi(x)$

5. $\frac{f(x)}{g(x)} > 0 \Leftrightarrow f(x) \cdot g(x) > 0,\ x \in T.A.A.$

5а. Салдар $\frac{f(x)}{g(x)} > 0,\ \ g(x) > 0 \Rightarrow f(x) > 0,\ g(x) -$ тек қана оң мәндерді қабылдайды.

6. $f(x) < g(x) \Leftrightarrow f(x) - g(x) < 0$

7. $f(x) + \varphi(x) < g(x) + \varphi(x) \Leftrightarrow f(x) < g(x)$.

8. Егер $f(x),\ g(x) \geq 0,\ \ n \in N$ болса, онда $f(x) > g(x) \Leftrightarrow f^n(x) > g^n(x),\ x \in A$

8а. Салдар. $f^{2n}(x) < g^{2n}(x) \Leftrightarrow |f(x)| < |g(x)|,\ \ n \in N$.

Жоғарыдағы тұжырымдардан мынандай салдарлар шығады: Теңсіздіктің мүшелерін оның бір бөлігінен екінші бөлігіне қарама-қарсы таңбамен көшіруге болады. Бөлшек коэффициентті теңсіздікті бүтін коэффициентті теңсіздікке түрлендіруге болады. Теңсіздікті таңбасы белгісіз өрнекке көбейтуге де, бөлуге де болмайды.

Теңсіздіктерді дәлелдеу[6-7]. Айнымалысы бар теңсіздіктің айнымалының бір мәнінде ақиқат, екінші мәнінде ақиқат болмауы мүмкін.

Теңсіздікті дәлелдеу – айнымалының барлық мүмкін мәндерінде оның ақиқат екендігін дәлелдеу.

Теңсіздіктерді дәлелдеу үшін келесі әдістерді пайдаланады:

1. Теңсіздіктің оң жағы мен сол жағының айырмасын құру және оның таңбасын бағалау.

2. Тірек теңсіздігі етіп, төмендегі теңсіздіктерді жиі қолданады.

1. $(a+b)^2 \geq 0$:

2. $a^2 + b^2 \geq 2ab$:

3. $\frac{a}{b} + \frac{b}{a} \geq 2,$ егер $ab > 0$:

4. $\left|\frac{a}{b} + \frac{b}{a}\right| \geq 2,$ егер $a, b \neq 0$

5. $\frac{a+b}{2} \geq \sqrt{ab},$ егер $a, b > 0$:

6. $a^3 + b^3 \geq ab(a+b),$ егер $a, b \geq 0$:

7. $\frac{a^3 + b^3}{2} \geq \left(\frac{a+b}{2}\right)^3,$ егер $a, b \geq 0$:

8. $|a+b| \leq |a| + |b|$:

9. $\frac{2ab}{a+b} \leq \sqrt{ab} \leq \frac{a+b}{2} \leq \sqrt{\frac{a^2+b^2}{2}},$ егер $a, b > 0$:

3. Теңсіздіктің екі жағын бірдей дәрежеге шығару.

4. Теңсіздікті күшейту (теңсіздіктің транзитивтік қасиетін пайдалану);

5. Қарсы жору әдісі.;

6. Толық математикалық индукция әдісі.

$f(x) > g(x)$ теңсіздігінің анықталу аймағы, немесе анықталу облысы ($T.A.A.$) деп, $f(x)$ және $g(x)$ өрнектерінің екеуі де мағыналы болатындай x айнымалының барлық мәндері жиынын, яғни $f(x)$ және $g(x)$ функцияларының анықталу аймақтарының (облыстарының) қиылысуын айтады.

Егер бір белгісізі бар бірнеше теңсіздікті қанағаттандыратын ортақ шешімді табу керек

болса, онда ол теңсіздіктер жүйесі берілді дейді де төмендегідей жазады:

$$\begin{cases} f_1(x) > g_1(x), \\ f_2(x) > g_2(x), \\ \ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots \\ f_m(x) > g_m(x). \end{cases} \qquad (1)$$

жүйенің әрбір теңсіздігін санды теңсіздікке айналдыратын айнымалының мәнін жүйенің шешімі деп атайды.

Кейде $\begin{cases} f_1(x) > g_1(x) \\ f_1(x) < g_2(x) \end{cases}$ түрде берілген теңсіздіктер жүйесін қос теңсіздіктер түрінде $g_1(x) < f_1(x) < g_2(x)$ жазады және керісінше.

Теңсіздіктердің әрқайсысының анықталу облыстарының аймағының қиылысуын теңсіздіктер жүйесінің анықталу облысы немесе анықталу аймағы деп аталады.


Егер берілген теңсіздіктердің ең болмағанда біреуінің шешімі болатын барлық сандарды табу керек болса, онда теңсіздіктер жиынтығы берілді дейді және төмендегідей жазады:

$$\begin{cases} f_1(x) > g_1(x), \\ f_2(x) > g_2(x), \\ \ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots \\ f_m(x) > g_m(x). \end{cases} \qquad (2)$$

Теңсіздіктер жиынтығының ең кемінде бір теңсіздігін санды теңсіздікке айналдыратын айнымалының мәнін теңсіздіктер жиынтығының шешімі деп атайды [4, 5].

Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер. Екі бөлігі де сызықтық функциялардан тұратын теңсіздіктерді сызықтық теңсіздіктер деп атайды. Оның жалпы түрі: $ax+b>cx+d$ (немесе $ax+b<cx+d$, $ax+bx\geq cx+d$, $ax+bx\leq cx+d$), $a\neq c, b, d$ – тұрақты сандар. Мысалы, $ax+b>0$ теңсіздігін шешіп $ax>-b$ аламыз. Үш жағдай болуы мүмкін: 1) $a>0$, онда $x>-\frac{b}{a}$, яғни $x\in\left(-\frac{b}{a};+\infty\right)$: 2) $a<0$ болса, онда $x<-\frac{b}{a}$, яғни $x\in\left(-\infty;-\frac{b}{a}\right)$; 3) а) $a=0$ болса, онда $0\cdot x>-b$ және $b\leq 0$ болғанда шешімі жоқ; ә) $a=0$ болса және $b>0$ болса, онда $x\in R$ болады.

Осы қарастырған сызықтық теңсіздік қасиеттерін мына түрде айтуға болады: $ax+b>0$ теңсіздігі, $a>0$ болғанда $x\in\left(-\frac{b}{a};+\infty\right)$ аралығында оң мәндерді, $x\in\left(-\infty;-\frac{b}{a}\right)$ аралығында теріс мәндерді қабылдайды; (1,а-сурет), ал $a<0$ болғанда $x\in\left(-\infty;-\frac{b}{a}\right)$ аралығында оң мәндерді, $x\in\left(-\frac{b}{a};+\infty\right)$ аралығында теріс мәндерді қабылдайды. (1,ә-сурет.). Дербес жағдайда, $x-a$ екі мүшесі сандық түзудегі a нүктесінің оң жағындағы барлық $x-$тер үшін оң, ал сол жағындағы барлық $x-$тер үшін теріс мәндерге ие болады. $x-a$ екі мүшесінің осы қасиеті теңсіздіктерді шешуде жиі пайдаланатын аралықтар әдісіне негізделген.



а) ә)

Сурет-1 Теңсіздіктің шешімі

1-мысал. $\frac{2x+1}{3}-\frac{3x-1}{2}>1$ теңсіздігін қанағаттандыратын $x-$тің бүтін ең үлкен мәнін табыңдар.

Шешуі. Теңсіздіктің екі жағын $6-$ға көбейтеміз.

$2(2x+1)-3(3x-1)>6 \Leftrightarrow -5x>1,\ x<-\frac{1}{5}$ $x-$тің бүтін ең үлкен мәні $x=-1$ теңсіздікті қанағаттандырады.

Жауабы: $x=-1$.

Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктерді шешу үшін:

1. Теңсіздікте жақша болса, жақшаны ашып, бөлшек болған жағдайда теңсіздіктің екі жағын да бөлімдерінің ең кіші ортақ еселігіне көбейтіп түрлендіру керек.

2. Теңсіздіктегі белгісізі бар мүшелерді теңсіздіктің сол жақ бөлігіне, бос мүшелерді теңсіздіктің оң жақ бөлігіне жинақтау керек.

3. Теңсіздіктің ұқсас мүшелерін біріктіру керек.

4. Теңсіздіктің екі жағын да белгісіздің коэффициентіне (егер ол нөлге тең болмаса) бөлу керек.

5. Теңсіздіктің шешімдерін тауып, қажет болса, оны сан аралығында белгілеу керек.

Екі айнымалысы бар бірінші дәрежелі сызықтық теңсіздіктер және олардың жүйесі. Екі айнымалысы бар сызықтық теңсіздік деп $ax+by+c>0,.\ ax+by+c<0$ түріндегі теңсіздіктерді айтады, мұндағы x пен y айнымалылар, $a,b,c-$қандай ба бір сандар. Мысалы, $3x+y-5>0$.

Екі айнымалысы бар сызықтық теңсіздікті тура санды теңсіздікке айналдыратын айнымалылардың қос мәндерін осы теңсіздіктің шешімі деп айтады.

Екі айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктің шексіз көп шешімі болады оның әрбір шешіміне координаттық жазықтықта бір ғана нүкте сәйкес келеді.

Екі айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктің $(ax+by+c>0)$. шешімдерін табу үшін:

1. Екі айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктегі $y-$ті x арқылы өрнектейміз: $y>-\frac{a}{b}x-\frac{c}{b}$.


2. Теңсіздік белгісін теңдік белгісімен ауыстырып, оны екі айнымалысы бар сызықтық теңдеу түрінде жазып алу керек: $y=-\frac{a}{b}x-\frac{c}{b}$.

3. $y=-\frac{a}{b}x-\frac{c}{b}(b\neq 0)$ екі айнымалысы бар сызықтық теңдеудің графигін (түзу) салу керек.

Бұл түзу координаттық жазықтықты екі жарты жазықтыққа бөледі.


4.Теңсіздіктің шешімдері түзудің жоғары жағындағы жарты жазықтықтағы нүктелердің координаттары болатын қос сандар. Себебі бұл нүктелердің ординаталары абциссасы сондай басқа нүктелердің ординаталарынан үлкен. Теңсіздік қатаң болғандықтан оның шешімдеріне түзудің бойындағы нүктелердің координаттары болатын қос сандар енбейді. Сондықтан «қатаң теңсіздік» жағдайында түзу үзік сызықпен сызылады да, жарты жазықтық ашық жарты жазықтық деп аталады. Тексеру үшін байқау нүктесін алуға болады. Ал теңсіздік «қатаң емес» болғанда, теңсіздіктің шешімдеріне түзудің бойындағы нүктелердің координаттары болатын қос сандар да енеді.

Енді осыны геометриялық тұрғыдан талқылайық. $ax+by+c=0$ түзуі координаттық жазықтықты екі жарты жазықтыққа бөледі, бұл жарты жазықтықтың бірінде $ax+by+c>0$, ал екіншісінде $ax+by+c<0$ теңсіздігі орындалады. Егер $b>0(b<0)$ болғанда бірінші теңсіздік $ax+by+c=0$ түзуінен жоғары (төмен) жатқан жазықтықта, ал екінші теңсіздік бұл түзуден төмен(жоғары) жатқан жазықтықта орындалады (2,а,ә-сурет).



Сурет-2 Теңсіздіктің шешімі

Осы сияқты $a>0(a<0)$ болғанда бірінші теңсіздік $ax+by+c=0$ түзуіне қатысты оң (сол) жарты жазықтықта, ал екінші теңсіздік – сол (оң) жарты жазықтықта орындалады (3-а,ә-сурет).




а) ә)

Сурет-3 Теңсіздіктің шешімі

3-мысал. $2x+y+1>0$ теңсіздігін графиктік тәсілмен шешу керек.

Шешуі. $2x+y+1>0 \Leftrightarrow y>-2x-1$, $y=-2x-1$ түзуін сызамыз, бұл түзу координаттық жазықтықты екі жарты жазықтыққа бөледі. $y>-2x-1$ теңсіздігі $y=-2x-1$ түзуіне қатысты оң жарты жазықтықта орындалады (4,а-сурет).



а) ә)

Сурет-4 Теңсіздіктің шешімі

Екі айнымалысы бар бірінші дәржелі сызықтық теңсіздіктер жүйесі $\begin{cases} a_1x+b_1y+c_1>0 \\ a_2x+b_2y+c_2>0 \end{cases}$ түрінде берілген жүйені екі айнымалысы бірінші дәрежелі теңсіздіктер жүйесі деп атайды.

Осы жүйені шешуді мысалдар арқылы қарастырайық.

4-мысал. $\begin{cases} 2x+y>1, \\ x-y>3 \end{cases}$ жүйесін шешу керек.

Шешуі. $\begin{cases} y > 1-2x, \\ y < x-3 \end{cases} \Leftrightarrow 1-2x < y < x-3,\ x > \frac{4}{3}.$

$1-2x < y < x-3$ жүйенің шешімі $x > 4/3$, $y > (-2x+1)$ – ден үлкен және $(x-3)$- тен кіші болатындай кез келген $(x; y)$ қос сандар (4,ә-сурет) болады.

Қорыта келгенде, теңсіздіктерді дәлелдеу білім алушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыта алатындай өз алдына ғылыми-педагогикалық маңызы бар математиканың негізгі оқу материалы болып есептеледі. Ол білім алушыларды айқын және дұрыс ойлауға, шамаларды салыстыра білуге дағдыландырады. Сол себептен, математика пәндерін оқыту барысында қиындығы жоғары дәрежелі есептерді шығарып, оның әр түрлі әдіс-тәсілдерін үйретудің болашақ математика пәндерінің оқытушыларын даярлауда маңызы зор.

Әдебиеттер тізімі

1. Азаров А.И., Барвенов С.А., Федосенко В.С. Математика для старшеклассников. Минск: Аверсев, 2003, 272 с.
2. Арлазаров В.В., Татаринциев А.В., Тиханина И.Г. Чекалкин Н.С. Сборник задач по математике для физико-математических школ. М.: ЛКИ, 2007. 208 с.
3. Шарыгин И. Математика. М.: Дрофа, 2004, 480 с.
4. Цвилева И. А. Числовые неравенства и их свойства. Математика в школе. 2002, № 7, С. 42–45.
5. Асқарова М.А. Элементар математика [Монография]. Алматы, 2013, 490 б.
6. Асқарова М.А. Теңдеулер мен теңсіздіктер және олардың жүйелерін шешу: оқу құралы. Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2012, 116 б.
7. Ярский А. С. Как научить доказывать неравенства. Математика в школе. 1997, № 1. С. 22–25.

Аннотация

Для адаптации в обществе и обеспечения социальной мобильности сегодняшнему выпускнику необходимы гибкость мышления, способность к осуществлению умственного эксперимента, умения и навыки ведения исследовательской деятельности. Развитие логического мышления является формирование мышлительных операций таких как анализ, синтез, сравнение, обобщение, дифференцация, а также развитие активности мышления, самостоятельности. Решение неравенство – это поиск всех его решений или доказательство его нерешимости. Доказательство неравенств считается одним из основным учебным материалом математики, которое способствует развитию способности логического мышления учащихся. В статье рассмотрены проблемы развития логического мышления учащихся посредством решения неравенств. А также приведены примеры эффективных методов решения неравенств для развития логического мышления.

Abstract

To adapt in society and ensure social mobility, today's graduate needs flexibility of thinking, the ability to carry out a mental experiment, and the ability to conduct research. The development of logical thinking is the formation of thinking operations such as analysis, synthesis, comparison, generalization, differentiation, as well as the development of thinking activity, independence. Solution inequality is a search for all its solutions or a proof of its unsolvability. The proof of inequalities is considered one of the main educational material of mathematics, which contributes to the development of students' logical thinking ability.The article considers the problems of developing logical thinking of students through the solution of inequalities. And also examples of effective methods for solving inequalities for the development of logical thinking are given.

ЖЕР ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМДАР, АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІ
НАУКИ О ЗЕМЛЕ, АГРОПРОМЫШЛЕННЫЙ КОМПЛЕКС
SCIENCES ABOUT THE EARTH, AGRICULTURE

ӘОЖ 632.9:634.574

О.А. Дәуленов[1], Г.С. Оспанова[1], Қ.Р. Қалыбаев[2]
[1]магистрант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан
[1]а.ш.ғ. к., доцент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан
[2]аға ғылыми қызметкер, Сайрам -Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, Шымкент, Қазақстан

ТАУ ПІСТЕ (PISTACIA) ӨСІМДІГІНІҢ ЗИЯНКЕСТЕРІ МЕН АУРУЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРМЕН КҮРЕС ШАРАЛАРЫ

Түйін

Зиянкестер – мәдени және жабайы өсімдіктерді зақымдайтын не мүлде құртып жіберетін омыртқасыз жануарлар. Түр құрамы, сондай-ақ жануарлар дүниесінің жүйесінде алатын орны жағынан ауылшаруашылығы дақылдарының зиянкестері өте көп алуан түрлі. Оларға омыртқасыз жануарлардан нематодтар, өсімдік қоректі кенелер, бунақденелілер, бауыраяқты моллюскалардың өкілдері – жалаңаш шырыштар және ұлулар, ал омыртқалы жануарлардан зиянды кеміргіштер жатады. Өсімдік аурулары - ауылшаруашылық, мәдени өсімдіктерге зиян келтіретін вирустық, бактерялық, саңырауқұлақтық аурулар тобы. Өсімдіктерде кездесетін патологиялық өзгерістердің бірнеше себептері бар, негізінен оны екі үлкен топқа бөлуге болады. Біріншіден, өсімдіктердің қалыпты өсіп-дамуына қоршаған ортаның қолайсыздығынан болатын ауытқулар немесе инфекциясыз, яғни жұқпайтын аурулар. Бұған абиотикалық әсерлер, немесе температураның қолайсыздығы, ылғал мөлшері мен қоректік заттардың жетіспеуі, немесе шамадан тыс артық болуы, қоршаған орта мен топырақтың өндіріс қалдықтары мен радиоактивті заттар, ауыр металлдармен ластануы және т.б. жатады. Өсімдік ауруларының екінші себебі – бұл фитопатогенді микроағзалардың әсерінен туындайтын патологиялық өзгерістер немесе жұқпалы аурулар.

Кілттік сөздер: тау пісте, зиянкестер, аурулар, генерация, дернәсіл, жүлдызқұрт

Тау пістенің бірнеше зиянкестері мен аурулары бар. Олар: зиянкестер - тау пісте жеміс көбелегі, тау пісте жуанаяқтысы, тау пісте тұқымжегіші, жұпсыз жібек көбелегі, қуаңсары жапырақ кеміргіші, тау пісте жапырақ бүргесі, тау пісте күйесі, тау пісте галлды жиектік бітесі, тау пісте қабырғалы қоңызы, зиянкес шартылдақ қоңыз, тау пісте жіңішке денелі қоңызы, үлкен тау пісте қабықжегіш қоңызы және т.б.; аурулар - септориоз, цилиндроспориоз, вирустық ауру, бағаналы (дің) шірік, жапырақ дақтары, жеміссерігінің қараюы, нематоспороз және т.б.


Зиянкестердің өзін 3 топқа бөлуге болады:

1) Жемісінің зиянкестері;

2) Жапырағының зиянкестері;

3) Тамыр, сабақ және бұта зиянкестері.

Жемісінің зиянкестері. *Тау пісте жеміс көбелегі (Recurvauia histacicola Danil.)* - Орта Азиядағы тау пісте кездесетін жерлердің және көп таралған ағаштарының барлығында кездеседі. Тау пістенің 20-30% зақымдайды, ал көп таралған немесе өнім аз болған жылдары 50% - ға дейін зақымдайды. Ол жылына үш толық және кейде төртінші ұрпақтарда дамиды. Қауіпты фазасы - дернәсіл. Дернәсілмен зақымданған жемістер кеуіп, қою қоңыр түске боялып, шашыла (түсе) бастайды. Басқа насекомның дернәсілдерімен зақымданудан, бұл насекомның дернәсілдерімен зақымданған жеміс анық ажыратылады. Әр дернәсіл 8 жеміске (дәнін) дейін зақымдайды.



а)



б)

Сурет 1. а) Тау пісте жеміс көбелегі (Recurvauia histacicola Danil.) және оның дернәсілі.
б) Тау пісте жеміс көбелегінің тау псіте дәнінің ішіндегі көрінісі

Тау пісте жуанаяқтысы (Eurytoma plotnicovi Nik.) - тау пістенің қарапайым мекендеушісі. Қауіпті мерзімі - дернәсіл.

Жаңадан шыққан дернәсіл дәнге (ұрық) жетіп, тұқымжарнақтың қабығын кемiріп, ішіне кіріп, оны толығымен жейді. Алғашқы дернәсілдері ақ түсті, мөлдір, ұзын формалы, аяқсыз; жасы үлкен дернәсілі - ашық сарғыш түсті, үнемі десек те болады, қайрылған немесе үтір тәріздес болып келеді. Артқы жағы сүйір, ұшталған болып келеді.

Зақымдалған жемістің жеміссерігі ұзақ уақыт жасыл түсті болып, кейіннен құрғап, өнімді терер кезде жеміссабақтың сағағынан қиын ажыратылады. Ағашта қалып қойып, 2-3 жыл бойы түспейді. Бұндай аймақта жуанаяқтылар мен тұқымжегіштердің диализдеуші дернәсілдері сақталады.

Тау пісте тұқымжегіші (Megastigmus pistaciae Wek.) - тау пістеге ас үлкен шығын келтіреді. Жылына бір рет ұрпақ береді. Дернәсілі жеміс ішінде қыстайды. Өткен жылдың жемісінен имагосының ұшып шығуы маусым айында басталады. Аналығы ұзын жұмыртқа салғыш қынабы арқылы жеміс дәнінің ішіне жұмыртқасын салады. Жаңадан шыққан дернәсілі мөлдір, соңғы жасында ұзындығы - 5-6мм, аяқсыз, жылтыр болады.

Сыртқы жабынының мөлдір болуына байланысты ішектері көрініп, лас ақ түсті болады. Үнемі С әріпі секілді иілген күйде болады. Өзінің өмір циклінің көп бөлігін жеміс ішінде өткізеді. Ең қауіпті фазасы өсіп-жетілген тау пісте тұқымжарнағының жартысынан астамын жейтін дернәсіл кезеңі. Оның диапаузасы 2-3 жылға дейін созылуы мүмкін. Зақымдалған жемістер тұқымжегіштердің басқа түрлерінен борпылдақ консистенциясымен ерекшеленеді.

Бірінші буын дернәсілдері жеміс ішіндегі ядродан жетіліп жатқан ұлпалармен қоректенеді. Қоректеніп болған соң, жеміс ішінде қуыршақтанады. Әр жемісте бір дернәсіл дамиды. Тұқымжегіштің екінші ұшуы - маусымның соңынан тамыздың басына дейін жалғасады. Зақымдалған жемістер ашылмайды және түспейді. Оларды тез арада жинап, өртеу керек. Тұқымжегішпен көбінесе Орзу және Азербайджанка сорттары зақымдалады.

Жапырағының зиянкестері. *Жұпсыз жібек көбелегі (Ocneria dispar L.)* - негізгі жапырақ кемiруші зиянкес. Бір генерацияда дамиды. Толық жетілген жұлдызқұрты (дернәсіл) тұқымқабында қыстайды. Көктемде шығып, бүршік ату басталуымен қоректенуге кіріседі. Бұл кезде жұлдызқұрттары қоршаған орта температура өзгерісіне өте сезімтал болады. Мысалы, температураның аз ғана нормадан ауытқуына байланысты олар ағаш қабығының жарықтарына жиналып, сонда бірнеше тәулік қоректенбей тіршілік ете алады. Күн жылып, қолайлы температура болған кезде сол паналарынан шығып, қоректенуді бастайды. Олардың дамуы метеорологиялық жағдайларға байланысты, тіпті бір аймақтың өзінде 50 күннен 60 күнге дейін созылады. Жаңбырлы, суық ауа-райына қарағанда құрғақ, ыстық ауа-райында олардың дамуы 5-7 күнге тезірек жүреді.

Жас жұлдызқұрттары тау пісте бүршіктерімен қоректеніп, кейіннен жапырақтың шеткі жағын кеміріп, жапырақ жүйкелеріне өте бастайды. Соңғы екі кезеңінде олар өте ашкөз болады. Жапырақты қатты кеміріп, жапырақтың орталық, негізгі жүйкесіне дейін келеді [1].

Қуаңсары жапырақ кемірғіші (Labidostomis stenostoma Wse.) - тау пістенің қауіпті зиянкесі. Бұл қоңыздар жапырақты жеп, тек жүйкесі мен сағағын ғана қалдырады. Жас бұтақтардың қабығын зақымдайды. Ағаштан ағашқа топ болып жүреді. Қоңыздардың ұшуы мамыр және маусым айының басында басталады. Күн ыстықта өте белсенді. Тау пістеден басқа бадам және т.б. өсімдіктерді зақымдайды.

Тау пістенің жапырақ бүргесі (Agonoscema succincta Neeg.) - кішкентай, ауыз аппараты сорғыш насекомдар. Сыртқы келбеті цикадалар мен бітелерге ұқсас. Олардың секіретін артқы аяқтары және екі жұп мөлдір қанаттары болады. Көп жерлерді таралған. Қауіпті фазасы - имагосы және дернәсілі. Жаңадан шыққан дернәсілдер жетіліп келе жатқан жас жапырақтарды жеп, жапырақтың және сағағының деформациясына алып келеді. Насекомдардың сорған жерлерінде кішкене қоңыр дақтар пайда болады. Жапырақ бүргелерінің шоғырлануы жапырақты солардың қалдықтарымен қатты зақымдайды. Нәтижесінде сол қалдықтарға сапрофитті саңырауқұлақтар қонып, қою түсті дақтар пайда болады. Солардан жапырақтың зақымдалу дәрежесін анықтауға болады. Жемістеріне аса үлкен зиян келтіреді. Жемістеріне шоғырланып, жеміс сабағы мен жеміссерігінің шырынын сорып, көп мөлшерде шайырлануды (гоммоз) тудырады. Зақымдалған жемістер тез кеуіп, тез шашылады немесе ағашта кепкен жеміссерігімен ілініп тұрады. Бұндай жемістерде ядро жетілмеген болады. Өнім шығыны 50% және одан да көп болады [2,3].

Тау пістенің күйесі (Teleia modesta Danil) - барлық тау пісте өсетін аймақта кездеседі. Екі буында дамиды. Көбелектің бірінші буынының ұшуы сәуір айында өтеді. Екінші буыны маусым және шілде айының басында өтеді. Жұлдызқұрты т.п. жапырақтарын өрмегімен екеуден жабсырып, немесе жапырақ шетін қайырып зақымдайды. Сол кезде өзі осы қайрманың ішінде болады. Ол төменгі эпидермис пен жапырақ жүйкесін қалдырып, үстіңгі эпидермис пен паренхиманы кемиреді. Жапырақ қураған кезде қоңыр түске боялады.

Тау пісте галлды жиектік бітесі (Forda hirsute Mordv.) - ұзақ уақыт бойы т.п. плантациясын зақмдап келеді. Көп бөлігін аталығы, ал аз бөлігін аналығы зақымдайды. Жапырақты зақымдап, салдарынан жапырақ шетінде ирек пайда болады. Насекомның алғашқы дамуы кезінде қайырылған жапырақ шеті жасыл болып, кеіннен таңқурай түстес, ал күзге қарай қою-шие түстес болады. Галлдар (өзгеріс, цецидия) ерте көктемде жапырақ әлі толық жетілмегенде пайда болады.

Тамыр, сабақ және бұта зиянкестері. *Тау пісте қабырғалы қоңызы (Capnadis parumstriata Ball.)* - қоңыз ұзындығы - 28-38мм, ені - 14-18мм. Элитраның нүктелі жолдары жұп болып көбейтіліп, қысылып, нәтижесінде кең қатарараралық тар қатарараралықпен кезектесіп отырады. Рельефті (бедерлі) дақтар алдыңғы арқада орналасқан.


Генерациясы біржылдық. Қоңыздардың ұшуы сәуір ортасынан шілденің соңына дейін жалғасады. Оның дернәсілдері үстіден астыға қарай бағытталған ұзындығы - 120-160см, ені - 14-17мм болатын жолдарды кеміру арқылы сабақтармен қоректенеді. Имагосы да жас бұталардың қабығын және жапырақ сағақтарын кеміру арқылы айтарлықтай зиян келтіреді [1].

Зиянкес шартылдақ қоңыз (Poluphylla adspersa Motch.) - аса қауіпті, кең таралған түр. Дернәсілдері топырақта тіршілік етіп, тамыр жүйесін және т.п. өркендерін зақымдайды. Қоңыздардың ұшуы маусымның екінші жартысынан басталады. Олардың өмір салты ымыртта өтеді, қоректенбейді.

Тау пісте жіңішке денелі қоңызы (Agrilus pistaciophagus Al. et Keel.) - Орта Азияның тау пісте өсетін аймақтарында кең таралған. Бұл түрдің қоңыздары негізінен тау пістенің жіңішке бұталарында пайда болады.

Ұшуы маусым - шілде айларында болады. Ең алдымен дернәсілдері ағаш қабығының астына жолдар теседі. Үлкейе келе ағаш сүрегіне қарай жылжиды. Зақымдалған бұталар

олардың бірінші жылы келуімен-ақ кеуіп кетеді. Дернәсілдерінен бөлек, тәуліктің ыстық уақытында жапырақ шеттерін кеміріп, имагосы да зиян келтіреді. Тіршілік ету үшін олар ауру, әлсіз ағаштарды таңдайды.. Көбінесе қабықжегіш қоңыздармен бірге тіршілік етеді.



Сурет 2. Тау пісте жіңішке денелі қоңызы (Agrilus pistaciophagus Al. et Keel.) және оның бұта ішіндегі кемірген жолдары

Шағын тау пісте қабықжегіш қоңызы (Carphoborus kueschkensis Socan) - тау пісте бұтақтар мен ағаштарының жаппай зиянкестерінің бірі. Қырғызстанның жағдайында кішкентай тау пістенің Шағын тау пісте қабықжегіш қоңызы нашар зерттелген. Қырғызстанның табиғатында бұл қоңыз жылына 2 рет ұрпақ береді [4].

Үлкен тау пісте қабықжегіш қоңызы (Chaetoptelius vestitus Rey.) - бір буында дамиды. Қоңыздардың кейбір бөлігі тау пістеге күзде қоныстанады. Көктемде қуыршақтайды. Ақпан-мамыр айларында қосымша қоректенуге өсімдік буынына енуі үшін жас қоңыздардың ұшуы болады. Келесі бөлігі тау пістеге ерте көктемде қоныстанады. Кеміріп, бүршік бөлігі арқылы буынға кіреді. Өзегін жейді. Буындары сынып, ағаш бұталары кесіледі. Бұл қоңыз әлсіз және жаңа кесілген ағаштарға қоныстанады.

Аурулар. Тау пістенің 20-дан астам аурулары белгілі. Олардың кең таралған және аса қауіпті түрлері - септориоз және цилиндроспориоз, вирустық ауру, бағаналы (дің) шірік, жапырақ дақтары, жеміссерігінің қараюы, нематоспороз және т.б. жемістерінің аурулары.

Тау пісте жапырағының дақтары - септориоз (Septoria pistaciae Desm), кең таралған ауру. Әр түрлі жастағы ағаштарды зақымдайды. Ауру ағаштардың жапырақтары сарғайып, уақытынан бұрын түсе бастайды. Қатты зақымданғанда тау пісте өнімі едәуір төмендейді. Бақша мәдениетіндегі тау пісте өсімдіктері бұл аурудың түрімен аздау ауырады.

Тау пістенің ұнтақты көгеруі (Phyllactinia suffulta, S.)- жапырақтарды, жас буындарды және көктемнің ылғалды кезеңінде жатынын (түйін) зақымдайды. Зақымдалған жапырақтар ширатылып, құрғап, түсе бастайды.

Тау пістенің вирустық ауруы - бүршікіт, жемісті, жапырақты және буынды зақымдайды. Жемістері ұсқынсыз формалы болады. Оларда ядро қалыптаспайды. Тек қана кәрі ағаштар ғана емес, жас ағаштар да зақымдалады. Ағаштардың өнімі айтарлықтай төмендейді. Ауру тасымалдаушылары цикадалар мен трипстер болып табылады.

Тау пісте жеміссерігінің қараюы. Бұл аурумен тау пістенің 30%- дан астам жемістері зақымдалады. Жоғары температура мен ыстық жел кезінде нәтижесінде жеміссерігі тіндері өліп, саңырауқұлақтар зардап шеккен жерлерге орналасады. Ерте зақымдалған кезде ядро дамымайды және қараяды, ал кеш зақымдалған кезде жеміс сапасы төмендейді.

Тау пісте жемісінің нематоспорозы - маусым айында жемісті кескен кезде ғана анықталады. Себебі, жеміссерігі сау болып көрінеді. Тұқымжарнағының үстінде мицелийдің нәзік қабаты және ақ, тығыз қыртыс пайда болады. Зақымдалған аймақ сарғыш-қоңыр түсті болады. Зақымдалған жемістер ащы, жағымсыз дәмге ие және тұтынуға жарамсыз болады [5,6]

Ауру және зиянкестермен күрес шаралары. Ең алдымен зиянкес және аурулармен күреспес бұрын алдын алу шаралары жүргізілуі керек. Бұларға: ұйымдастырушылық, орман шаруашылығы, агротехникалық және профилактикалық әдістер жатады. Бұл жүйеде химиялық заттар көмекші рөл атқарады және тек қажет болған жағдайда ғана қолданылады. Мысалы, зиянкестердің қауіпті саны көбейген ошақтары болған кезде.

Агротехникалық шаралардың маңызы аса зор. Оларға: топырақ қопсыту, тыңайтқыш себу, қалың өскен көшеттерді қысқарту және сирету, т.б. жатады. Бұл шаралар ағаштардың аурулр мен зиянкестерге қарсылығын күшейтуге жағдай жасайды.

Орман шаруашылық және агротехникалық әдістер ұзақ мерзімді толық 2 жыл ішінде тиімді әсер етеді. Жеміс зиянкестерінің барлық жиынтығы (комплексі) мен зақымдану деңгейінің айтарлықтай төмендеуі екінші жылдан-ақ байқалады және келесі жылдары да тұрақты түрде төмендей бастайды.

Жеміс салатын ағаш бұталарының тау пісте өнімінің қалдықтарын жүйелі түрде жоюы, бірінші жылы-ақ тазартқаннан кейін тұқымжегіштердің комплекстік қорын 5 есе, ал екінші жылы 30 есе азайтады. Дәл осындай тиімділік кейінгі жылдары да тұрақты сақталады. Жапырақтың сорғыш және кеміруші зиянкестермен зақымдалуы 2 есе азаяды.

Зиянкестердің жаппай көбеюінің алдын алудың ең тиімді әдістерінің бірі - бақша биоценоздарын биологиялық қалпына келтіру. Бұл пайдалы паразиттік және жыртқыш энтомофагтардың, өрмекшітектестердің, құстардың, сүтқоректілердің сақталуы, өсуі мен белсенді болуына жағдай туғызатын шаралар кешенін жәйекті түрде жүзеге асыруды білдіреді. Сонымен қоса, зиянкестердің санын азайтатын басқа да биологиялық агенттер де жатады [7].

Жеміс салатын тау пісте ағаштарында үнемі жоғары санитарлық талаптарды ұстау керек.

Орман шаруашылығы және бақшада тау пістені жоғары агротехникалық шаралармен өсіру керек.

Осы жағдайда ғана зиянкестермен күресудің барлық арнайы шаралары сәтті болады.

Кесте 1. Тау пістенің зиянкестері және ауруларымен күресудің біріктірілген жүйесі

Шараларды өткізу мерзімі	**Техника шаралары және оны орындау**	**Аурулар мен зиянкестер**	**Препараттар**	**Шығын нормасы. л/га, кг/га**
Екпеге дейінгі тау пістенің жас көшеттері				
Жоғары сапалы стратификацияланған тұқым себу	Тұқымды улау	Зең саңырауқұлақтарына қарсы	ТМТД 80%с.п.	0,6кг/100кг тұқым
Зақымдалу ошақтары анықталғанда (наурыз-сәуір)	Инсектицидтерді бүрку	Жапырақ кеміргіш және сорғыш зиянкестердің комплексі	Фозалон, 35% к.э; Децис, 2,5% к.э; Нурелл Д,20% к.э; Каратэ, 5% к.э.	1,5-2,0 0,5-1,0 0,2-0,4 0,2-0,4
Аурудың ең алғашқы белгілері пайда болған кезде	Фунгицидтерді бүрку	Септориоз, церкоспороз	Арцерид, 60с.п. Байлетон, 25% с.п.	2,5-3,0 0,2-0,4
Екпе салынған, жеміс беруге еніп жатқан ағаштар				
Вегетация басталысымен жыл	Көшеттерді сирету	Зиянкес және аурулар	Әлсіз және қураған бұталар	Ағаштың ұшар

сайын		комплексімен күрес	мен буындарды жою	басын (крон) мұқият тазарту
Наурыз-сәуір	Профилактикалық шаралар	Т.п. жеміс көбелегі	Гофрленген (кеіңрдектенген) қағаздан жасалған аулағыш белдеулер төсеу	15 күннен соң белдеулерді жүйелі түрде қарау
Пістелердің жас түйіндерінің зақымдалған ошақтары анықталған кезде (сәуір-мамыр)	Бүрку	Т.п. жеміс көбелегі, т.п. жапырақ бүргесі, т.п. күйесі	Дендробацилин, сух.п.,титр,60млрд спор/г Фазолон, 35% к.э; Децис, 2,5% к.э.	 2,0-2,5 1,5-2,0 0,5-1,0
Мамыр-маусым	Бүрку	Сорғыг және жапырақ кеміруші зиянкестердің комплексі	Фозалон, 35% к.э; Децис 2,5% к.э.; Нурелл-Д, 20%к.э. Каратэ, 5%к.э.	1,5-2,0 0,5-1,0 0,2-0,4 0,2-0,4
Тамыз-қыркүйек	Барлық қалдықтарды толығымен жою арқылы пістелерді мұқият жинау	Жеміс зиянкестерінің комплексі	Фозалон, 35% к.э; Децис 2,5% к.э.; Нурелл-Д, 20%к.э Каратэ, 5%к.э.	1,5-2,0 0,5-1,0 0,2-0,4 0,2-0,4
Жеміс беретін көшеттер				
Жыл сайын қаращадан наурызға дейін	Агротехникалық шаралар	Сабақ зиянкестерінің комплексі	Міндетті түрде әлсіз және өлген бұталарды жоюмен бірге ағаштың ұшар басын (крон) тазалау	Өлген ағаштарды толық жою
Жекелеген ағаштардан зақымдалу анықталғанда (мамыр)	Бүрку	Жапырақ кеміруші және сорғыш зиянкестер	Фозалон, 35% к.э; Децис 2,5% к.э.; Нурелл-Д, 20%к.э. Каратэ, 5%к.э.	1,5-2,0 0,5-1,0 0,2-0,4 0,2-0,4
Тамыз-қыркүйек	Агротехникалық шаралар	Зиянкестер мен аурулардың (вирус) комплексі	Ағаштың ұшар басынан (крон) қалдықтарды толық жоюмен бірге жарақаттанған пістелерді мұқият жинау	Жою (өртеу әлде топыраққа терең көму)

Кестеге қарайтын болсақ тау пісте аурулары және зиянкестерінің атаулары, олармен

күрес шаралары, мерзімі және препараттардың түрлері мен мөлшері жазылған.

Әдебиеттер тізімі

1. Савченко А.Д., Имамкулова З. А., Ахмадов Х.М. Садовая культура фисташки в Таджикистане. Душанбе: НИИТИ, 2010, 24 с.
2. К.Е. Романенко Вредители фисташки в Киргизии и меры борьбы с ними. Фрунзе: «Илим», 1984, 20 с.
3. С.М. Аблаев «Культура фисташки в Средней Азии». Ташкент, Укитувчи, 1992, 20 с.
4. Б.А. Токторалиев А.Т. Аттокуров З.А. Тешебаева А. Пернеев, Биоэкологические особенности доминирующих видов насекомых-ксилофагов лесов. Ош: Ошский технологический университет, 2010, 142 с.
5. Булычев А.С. Биоэкологические особенности фисташки в предгорьях Киргизского хребта. Фрунзе: АН Киргизкой ССР, 1969, 81 с.
6. Чернова Г.М., Николяй Л.В., Рахманов А.М., Туляганов Т.У. Рекомендации по выращиванию фисташки настоящей по садовому типу в Узбекстане. Ташкент: Укитувчи 2009, 31 с.
7. Калмыков С.С. Фисташки Казахстана - неиспользованный резерв природных богатств. Алматы: Лесное Хозяйство, 1952, №2, 49 с.

Аннотация

Вредителями являются беспозвоночные, которые повреждают или полностью уничтожают культурные и дикие растения. Вредители сельскохозяйственных культур очень разнообразны с точки зрения видового состава, а также их места в системе животного мира. К ним относятся нематоды от беспозвоночных, травоядные клещи, грызуны, моллюски - моллюски и улитки, а также вредные грызуны от позвоночных. Болезни растений - группа вирусных, бактериальных, грибковых заболеваний, наносящих ущерб сельскохозяйственным и культурным растениям. Существует несколько причин патологических изменений у растений, в основном его можно разделить на две основные группы. Во-первых, нарушения нормального роста и развития растений из-за неблагоприятных условий окружающей среды или неинфекционных, то есть неинфекционных заболеваний. К ним относятся абиотическое воздействие или неблагоприятные температуры, недостаток или избыток влаги и питательных веществ, загрязнение окружающей среды и почвы промышленными отходами и радиоактивными веществами, тяжелыми металлами и т. Д. применяется. Вторая причина болезней растений - патологические изменения или инфекционные заболевания, вызванные фитопатогенными микроорганизмами.

Abstract

Pests are invertebrates that damage or completely destroy cultivated and wild plants.The pests of agricultural crops are very diverse in terms of species composition as well as their place in the system of wildlife.These include nematodes from invertebrates, herbivorous mites, rodents, mollusks - naked mucus and snails, and harmful rodents from vertebrates. Plant diseases are a group of viral, bacterial and fungal diseases that causes damage to agricultural and cultivated plants. There are several causes of pathological changes in plants, mainly it can be divided into two major groups. First, abnormalities in the normal growth and development of plants due to adverse environmental conditions or non-infectious, ie non-communicable diseases. These include abiotic effects, or unfavorable temperatures, lack or excess of moisture and nutrients, pollution of the environment and soil with industrial wastes and radioactive substances, heavy metals, etc. applies. The second cause of plant diseases is pathological changes or infectious diseases caused by phytopathogenic microorganisms

ӘОЖ 602.3:579.8

И.Н. Ерғазы, А.А. Успабаева
магистрант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан
б.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

